

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы журнал

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ГОСУДАРСТВЕННАЯ СЛУЖБА

Журнал о государственной службе Республики Казахстан



1/123/
ҚАҢТАР - АҚПАҢ
ЯНВАРЬ - ФЕВРАЛЬ
2021



**МЕМЛЕКЕТТІК
ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІ:
ҚЫСҚАРТУ
АҚЫРЗАМАН БА?
СОКРАЩЕНИЕ
ГОССЛУЖАЩИХ:
АПОКАЛИПСИС?**

**АЙЫП ТҰРАҒЫ ТУРАЛЫ АҢЫЗ
СКАЗ О ШТРАФСТОЯНКАХ**

**ВАКЦИНАЦИЯ
ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ
СҰРАҚТАР
ГЛАВНЫЕ ВОПРОСЫ
О ВАКЦИНАЦИИ**

**ЕСІМДІ ЖОЛАУШЫ
COVID
ПАССАЖИР
ПО ИМЕНИ COVID**

Байыпты кеңеске баға жетпейді! Хороший совет не имеет цены!



ЗАң КОНСУЛЬТАЦИЯЛАРЫ ЮРИДИЧЕСКИЕ КОНСУЛЬТАЦИИ

«ЗАң КОНСУЛЬТАЦИЯЛАРЫ» журналына 2021 жылға жазылу жалғасуда

2002 жылдан бастап мемлекеттік және орыс тілдерінде шығады.

«ЗАң КОНСУЛЬТАЦИЯЛАРЫ» - бұл:

- * Тұңғыш республикалық заң журналы.
- * Құқықтың барлық салалары (конституциялық, азаматтық, қылмыстық, әкімшілік, еңбек, неке және отбасы, кеден, салық, жер, тұрғын үй, әлеуметтік қамсыздандыру құқығы, азаматтық іс жүргізу, құқықтық іс жүргізу, құқықтық-атқару және басқалар) бойынша 100 беттен аса толық ақпарат.
- * Күнделікті өмірде баршаны толғандыратын сұрақтарға жауаптар.
- * Маңызды немесе шұғыл шешімдер қабылдау үшін қажетті ақпарат.
- * Кәсіби шеберлік деңгейін арттыру.

Басылым мерзімділігі – 2 айда 1 рет

Жазылу индексі – 75845

Бізбен байланысу:
тел. +7 (727) 2558688,
info@gossluzhba.kz

Жазылуды «Қазпошта» АҚ-ның барлық пошта бөлімшелерінде, «Эврика-Пресс» ЖШС-ның, «Евразия-Пресс» агенттігі ЖШС-ның, «Express Press Astana» ЖШС-ның жазылуды қабылдау пункттерінде ресімдей аласыздар.

Біз Сізді өз оқырмандарымыздың қатарынан көруге шын қуаныштымыз!



Продолжается подписка на 2021 год на журнал «ЮРИДИЧЕСКИЕ КОНСУЛЬТАЦИИ»

Издается на государственном и русском языках с 2002 года.

«ЮРИДИЧЕСКИЕ КОНСУЛЬТАЦИИ» – это:

- * Первый республиканский юридический журнал.
- * Более 100 страниц полной информации по всем отраслям права (конституционное, гражданское, уголовное, административное, трудовое, брачно-семейное, таможенное, налоговое, земельное, жилищное, право социального обеспечения, гражданское процессуальное, уголовно-процессуальное, уголовно-исполнительное и другое).
- * Ответы на вопросы, волнующие всех в повседневной жизни.
- * Информация, необходимая для принятия важных или срочных решений.
- * Повышение профессионального уровня.

Периодичность издания – 1 раз в 2 месяца

Подписной индекс – 75845

Наши контакты:

+7 (727) 255 86 88, info@gossluzhba.kz

Оформить подписку вы можете во всех почтовых отделениях АО «Казпочта», приемных пунктах подписки ТОО «Эврика-Пресс», ТОО «Агентство «Евразия Пресс», ТОО «Express Press Astana».

Мы искренне рады видеть вас среди наших читателей!

Журнал 2004 ж. бастап шығады
Шығу мерзімділігі: 2 айда 1 рет
Меншік иесі және баспашы:



«МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ –
ГОСУДАРСТВЕННАЯ
СЛУЖБА» БАСПАСЫ» ЖШС

Бас редактор Г. Хасанов
Бас редактордың орынбасары
В. Хасанов

Шығарушы редактор Е. Багманова
Жауапты хатшы Р. Машева
Аудармашы Ү. Каназова
Корректор Ж. Дюскалиева
Дизайн, беттеу Е. Воробьева

Журналды ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитеті
17.04.2014 ж. № 14307-Ж тіркеді

Редакцияның мекенжайы:
050013, ҚР, Алматы қ., Желтоқсан көш., 177а
тел. +7 (727) 255 86 88
info@gossluzhba.kz www.gossluzhba.kz
Жарнама мәселелері бойынша мына телефонға хабарласыңыз: тел. +7 (727) 2558686

Жазылу индексі - 75578
Таралу аумағы:
Қазақстан Республикасы
Таралымы 2000 дана

© Материалдарды редакцияның жазбаша келісімімен көшіріп басуға болады.
Журналға сілтеме жасау міндетті.

Журнал издаётся с 2004 г.
Периодичность: 1 раз в 2 месяца
Собственник и издатель:



ТОО «ИЗДАТЕЛЬСТВО
«МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ –
ГОСУДАРСТВЕННАЯ
СЛУЖБА»

Главный редактор Г. Хасанов
Заместитель главного редактора
В. Хасанов
Выпускающий редактор Е. Багманова
Ответственный секретарь Р. Машева
Переводчик У. Каназова
Корректор Ж. Дюскалиева
Дизайн, верстка Е. Воробьева

Зарегистрирован Комитетом информации и архивов Министерства культуры и информации РК за № 14307-Ж от 17.04.2014 г.

Адрес редакции:
050013, РК, г. Алматы, ул. Желтоқсан, 177а
тел. +7 (727) 255 86 88
info@gossluzhba.kz www.gossluzhba.kz
По вопросам рекламы обращаться по тел. +7 (727) 255 86 86

Подписной индекс - 75578
Территория распространения:
Республика Казахстан
Тираж 2000 экз.

© Перепечатка материалов возможна с письменного согласия редакции.
Ссылка на журнал обязательна.

2021 ЖАЗЫЛУ ЖЫЛҒА ЖАЛҒАСУДА

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

2004 ж. бастап қазақ және орыс тілдерінде шығатын республикалық журнал

Журнал мемлекеттік қызмет өткеріп жүрген, сондай-ақ өзін осы іске арнауға бел буған адамдарға арналады. Журналда мемлекеттік қызметке байланысты көптеген сұрақтар бойынша әр түрлі деңгейдегі мемлекеттік қызметшілерге арналған мақалалар жарияланады.

Шығу мерзімділігі - 2 айда 1 рет. Таралуы: тек жазылым бойынша
Таралу аумағы - Қазақстан Республикасы

Жазылу индексі
75578
«Қазпошта» АҚ, «Евразия-Пресс» агенттігі ЖШС,
«Эврика-Пресс» ЖШС, «Express Press Astana»
ЖШС каталогтарында

Бізді оқитындар:

мемлекеттік қызметшілер, мемлекеттің қатысуы бар ұлттық және акционерлік компаниялардың қызметкерлері, коммерциялық құрылымдардың бірінші басшылары, басқарма мүшелері және біздің ақпаратымыз қызықтыратын әрі олар үшін тәжірибелік мәні бар барша тұлғалар.



ПРОДОЛЖАЕТСЯ ПОДПИСКА НА 2021 ГОД

ГОСУДАРСТВЕННАЯ СЛУЖБА

Республиканский журнал, издаваемый на казахском и русском языках с 2004 года

Журнал рассчитан на людей, занятых на государственной службе, а также на всех, кто решил посвятить себя этому делу. В журнале публикуются статьи для госслужащих различного уровня по самому широкому кругу вопросов, связанных с государственной службой.

Периодичность – 1 раз в 2 месяца. Распространение – по подписке
Территория распространения – Республика Казахстан

Подписной индекс
75578
в каталогах АО «Казпочта»,
ТОО «Агентство «Евразия
Пресс», ТОО «Эврика-Пресс»,
ТОО «Express Press Astana».

Нас читают: государственные служащие, сотрудники национальных и акционерных компаний с госучастием, первые руководители, члены правления коммерческих структур и все, для кого наша информация представляет интерес и имеет практическую значимость.





Адамзат, оның ішінде біз де, осы жылдың келуін асыға күттік. Сондықтан 2021 жылдың алғашқы басылымын сіздердің назарларыңызға ерекше қуанышпен ұсынып отырмыз.

Мемлекеттік қызмет және оның маңызды аспектілері біздің журналистік зерттеулеріміздің басымдығы болып қала бермек. Сонымен қатар, өзекті тақырыптарды көбірек қозғай отырып, ақпараттық өрісті кеңейттік. Алайда басты нәрсені – тақырыптардың нақты уақыттағы өзектілігін, кәсіби көмекті, денсаулыққа қамқорлықты (бүгінгі күні бұдан маңызды не бар?) және әдеби шығарманы оқудағы жеңілдікті сақтап қалдық.

Бізбен бірге болыңыз – бізді қызықты әрі түрлі оқиғаларға толы 2021 жыл күтіп тұр, ол сіздің өміріңіздегі жарқын және бақытты оқиғаларға бай жыл ретінде есте қалады деп сенеміз!

Келесі кездескенше. Өзіңізге және жақындарыңызға қамқор болыңыз.


Человечество очень ждало наступления этого года, и мы – не исключение. Поэтому мы, как никогда, рады представить первый выпуск 2021 года.

Государственная служба и ее значимые аспекты по-прежнему остаются в приоритете наших журналистских исследований. Также мы нацелились на раскрытие насущных тем, расширив тем самым информационное поле. Но при этом сохранили главное – актуальность во времени, профессиональную помощь, заботу о здоровье (что сегодня может быть важнее?) и легкость литературного чтения.

Оставайтесь с нами – нас ждет интересный и насыщенный 2021-й, и мы надеемся, что он войдет в историю как год, богатый на яркие и счастливые события в вашей жизни!

До новых встреч. Берегите себя и своих близких.

Бас редактор / Главный редактор **Г. ХАСАНОВ**



Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы журнал

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

ГОСУДАРСТВЕННАЯ СЛУЖБА

Журнал о государственной службе Республики Казахстан



КӨКЕЙТЕСТІ | АКТУАЛЬНО

6 Мемлекеттік қызметшілерді: қысқарту ақырзаман ба? Сокращение госслужащих: апокалипсис?

КӨЗҚАРАС | ВЗГЛЯД

14 Вакцинация туралы негізгі сұрақтар Главные вопросы о вакцинации

18 COVID есімді жолаушы Пассажир по имени COVID

26 Айып тұрағы туралы аңыз Сказ о штрафстоянках

34 Треш-стрим: зорлық-зомбылық жасау құқығы Треш-стрим: право на насилие

ҚҰҚЫҚ | ПРАВО

42 Сұраңыз – жауап береміз Спрашивайте – отвечаем

ДЕНСАУЛЫҚ | ЗДОРОВЬЕ


48 Бізге өмірден ләззат алуға не кедергі, немесе күйзелістен қалай құтылуға болады Что нам мешает наслаждаться жизнью, или Как избавиться от негативных переживаний

НОВЕЛЛА

56 Сенің бақытыңның нөмірі Номер твоего счастья

БҰЛ ҚЫЗЫҚТЫ | ЭТО ИНТЕРЕСНО

60 Пандемия: 5+



Алдағы жылы елді күтіп тұрған негізгі оқиғалар – коронавирустық инфекцияға қарсы жаппай вакцинация, түрлі салалардағы жаңартылған заңнама және Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы. Журналдың 2021 жылғы алғашқы санында біз мемлекеттік қызметтің негізгі оқиғаларына тоқталамыз. Олардың жүзеге асырылуына қарай сіздерді хабардар етіп отырамыз!

В наступившем году главными событиями, которые ждут страну, можно назвать массовую вакцинацию от коронавирусной инфекции, обновленное законодательство в разных сферах и 30-летие Независимости Казахстана. В первом выпуске журнала в 2021 году мы расскажем об основных событиях государственной службы. Будем держать вас в курсе по мере их осуществления!



2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда кірістерді жаппай декларациялаудың бірінші кезеңі енгізілуде: мемлекеттік қызметшілер мен олардың жұбайлары бірінші декларацияда барлық активтерін тіркеуі керек. Егер шенеуніктер екінші декларацияда кірістерін негіздей алмаса, олар мемлекеттік қызметтен босатылады, ал мүлік пен ақша тәркіленеді.

С 1 января 2021 года в Казахстане вводится первый этап всеобщего декларирования доходов: госслужащие и их супруги должны зафиксировать все свои активы в первой декларации. Если чиновники не смогут обосновать свои доходы во второй декларации, их уволят с государственной службы, а имущество и деньги будут конфискованы.



2021 жылы президенттік кадрлар резервіне жаңа іріктеу өткізіледі, бірақ 300-дің орнына оған 50 адам ғана таңдалмақ. Үміткерлерді таңдау өлшемшарттары мен біліктілік талаптары жоғарылайды. Негізгі назар қоғамдық мүдделерді басшылыққа алатын адамдардан резерв құруға және «қайта құрудың нақты тәжірибесіне ие трансформациялық көшбасшыларды» анықтауға бағытталады.

В 2021 году будет проведен новый отбор в президентский кадровый резерв, но вместо 300 в него отберут лишь 50 человек. Повысятся критерии отбора и квалификационные требования для кандидатов. Основной акцент будет сделан на формирование резерва из числа лиц, руководствующихся общественными интересами, и выявление «трансформационных лидеров с реальным опытом преобразований».

2021 жылдан бастап мемлекеттік қызметшілерге, депутаттарға және судьяларға шетелдерде банк есепшоттарын иеленуге тыйым салынады. Республикада саяси қызметкерлердің ротациясы институты енгізілуде: олар қызметке тағайындалған күннен бастап төрт жыл сайын. Саяси қызметкердің лауазымында болу мерзімі екі жылға ұзартылуы мүмкін, ал одан кейін екі жылға ұзарту тек Президент жанындағы кадр саясаты жөніндегі ұлттық комиссияның шешімі бойынша ғана мүмкін болады.

С 2021 года также вводится запрет для госслужащих, депутатов и судей на владение банковскими счетами за рубежом. В республике вводится институт ротации политических служащих: каждые четыре года со дня их назначения на занимаемую должность. Срок пребывания политического служащего на занимаемой должности может быть продлен на два года, а последующее продление на два года будет возможно только по решению Национальной комиссии по кадровой политике при президенте.



2021 жылдың соңына дейін жаңа квазимемлекеттік компанияларды құруға мораторий жалғасады.

До конца 2021 года продолжит действовать мораторий на создание новых квазигосударственных компаний.

Мемлекеттік аппарат 25%-ға, ең алдымен, бос жұмыс орындары есебінен, қысқартылады. Жұмыстан қысқартылғандарға басқа жұмыс ұсынылады немесе төрт жалақы мөлшерінде өтемақы төленеді. Үнемделген қаражат есебінен қалған мемлекеттік қызметшілердің жалақысы көбейтіледі. Сондай-ақ, 2021 жылдың шілдесіне қарай мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігі мен ынтасын күшейтуі тиіс факторлық-балдық шкала енгізіледі. Толық мәліметтерді «Көкейтесті» айдарынан оқыңыз.



Грядет сокращение госаппарата на 25%, в первую очередь за счет вакансий. Тем, кто попадет под сокращение, будут предлагать другую работу либо выплачивать компенсацию в размере четырех окладов. За счет сэкономленных средств будет повышена заработная плата оставшихся госслужащих. Также к июлю 2021 года внедрят факторно-балльную шкалу, которая должна усилить ответственность и мотивацию госслужащих. Подробности читайте в рубрике «Актуально».



Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлық үшін айыпталған адамдарға өмір бойы квазимемлекеттік секторда жұмыс істеуге тыйым салу енгізілуде. Ал мемлекеттік қызметшілер мен квазимемлекеттік ұйымдардың басшылары қос азаматтығы болса, жұмыстан шығарылады.

Также вводится пожизненный запрет на работу в квазигосударственном секторе для лиц, уличенных в коррупции. А госслужащих и руководителей квазигосударственных организаций будут увольнять в случае выявления у них двойного гражданства.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІ ҚЫСҚАРТУ: АҚЫРЗАМАН БА

СОКРАЩЕНИЕ ГОССЛУЖАЩИХ: АПОКАЛИПСИС

Осы жылдың қаңтар айының соңында Қ. Тоқаев Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрайымы А. Жайылғановамен кездесті. Әңгіме барысында Анар Нұралықызы Президентке Агенттіктің 2020 жылғы қызметінің негізгі қорытындылары туралы егжей-тегжейлі есеп берді. Ол мемлекет басшысына департаменттің мемлекеттік қызметке кіру процедураларын жетілдіру, саяси қызметті кәсібилендіру, қызметкерлерді ынталандыру және дамыту және т.б. қатысты жұмыс нәтижелері туралы хабардар етті.

Сонымен қатар, Президентке мемлекеттік қызметті цифрландыру барысы туралы айтылды. Мемлекет басшысына ведомство жұмысын қайта форматтау туралы да ақпарат берілді. Атап айтқанда, Анар Жайылғанованың ақпараты бойынша, Агенттік штаты 2020 жылы 10%-ға оңтайландырылған, ал ағымдағы жылдың ақпан айының соңына дейін ол тағы 15%-ға оңтайландырылатын болады». ҚР Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы осындай мәлімет берді.

ЖҰМЫССЫЗДАР ҚАЛАСЫ

Кәсібилендіру, ынталандыру, цифрландыру, интеграция, оңтайландыру... Нені оңтайландырамыз? Штатты. 2020 жылы – 10%, 2021 жылдың басында – 15%. Барлығы 25%. Әсерлі.

Liter.kz өз парақшаларында сілтеме жасаған finprom.kz аналитикалық порталының хабарлауынша, 2020 жылдың бірінші тоқсанында мемлекеттік басқару, қорғаныс және міндетті әлеуметтік қамсыздандыру саласында іс жүзінде 397 мың адам жұмыс істеген. Бұл 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда екі мыңға аз. Сонымен, нәтиже мынадай: $397\,000 : 100 \times 25 = 99\,250$ адам. Бұл 14 айда. Карантин және карантиннен кейінгі ауыр жыл. Бұл Қарағанды облысында орналасқан Жезқазған қаласының тұрғындарынан (Уикипедияға сәйкес, 01.01.2020 ж. 87 254 адам) көп. Бір елдегі жұмыссыздар қаласы...

Өткен жылдың қыркүйек айының соңында ОКҚ-да өткен брифингте А. Жайылғанованың айтуынша, Қазақстандағы мемлекеттік қызметшілердің штатық саны, саяси және әкімшілік лауазымдарды қоса алғанда, 97 мың бірлікті құрады, бұл 9,2 миллион адамды қамтитын экономикалық белсенді тұрғындардың 1,1 пайызы. Бұл сандар дамыған елдердің көрсеткіштеріне сәйкес келеді, деп атап өтті агенттік.

«Соңғы жылдары Қазақстанда мемлекеттік қызметшілер штатының біртіндеп қысқаруы байқалады. 2018 жылы – 97,7 мың адам, 2019 жылы – 97,4 мың, 2020 жылы – 97 мың бірлік. Оңтайландыруға жататын лауазымдарды анықтау кезінде бірінші кезекте тұрақты бос жұмыс орындары қарастырылады. Бос жұмыс орындарының жалпы саны шамамен 8 000 немесе мемлекеттік аппараттың жалпы санының 8,5 пайызын құрайды», – деді ол.

В конце января этого года К. Токаев встретился с председателем Агентства по делам госслужбы А. Жаилгановой. Во время беседы Анар Нуралиевна представила Президенту подробный отчет об основных итогах деятельности Агентства в 2020 году. Она проинформировала главу государства о результатах работы ведомства в части совершенствования процедур поступления на госслужбу, профессионализации политической службы, мотивации и развития персонала и т. д. Кроме того, Президенту рассказали о ходе цифровизации государственной службы. Главе государства также доложили о реформировании работы ведомства. В частности, по информации Анар Жаилгановой, штат Агентства в 2020 году был оптимизирован на 10%, а до конца февраля текущего года дополнительно будет оптимизирован еще на 15%. Так об этом рассказал официальный информационный ресурс Премьер-Министра РК.

ГОРОД БЕЗРАБОТНЫХ

Профессионализация, мотивация, цифровизация, интеграция, оптимизация... Что оптимизируем? Штат. В 2020 году – 10%, начало 2021 года – 15. Всего 25%. Внушительно.

По данным аналитического портала finprom.kz, которые привел на своих страницах Liter.kz, в первом квартале 2020 года в сфере госуправления, обороны и обязательного соцобеспечения фактически трудились 397 тысяч человек. Это на две тысячи меньше, чем за аналогичный период 2019 года. И так, что у нас получилось: $397\,000 : 100 \times 25 = 99\,250$ человек. Это за 14 месяцев. В карантинный и посткарантинный тяжелый год. Это больше, чем население г. Жезказгана, что находится в Карагандинской области (87 254 человека на 01.01.2020 согласно Википедии). Целый город безработных в отдельно взятой стране...

По информации А. Жаилгановой, озвученной ею на брифинге в СЦК в конце сентября прошлого года, всего штатная численность госслужащих в Казахстане, включая политические и административные должности, составляла 97 тысяч единиц, это 1,1 процента от экономически активного населения, к которым относятся 9,2 миллиона человек. Данные цифры соответствуют показателям развитых стран, отметили в агентстве.

«В последние годы наблюдается постепенное сокращение штата госслужащих в Казахстане. В 2018 году – 97,7 тысячи человек, в 2019 году – 97,4 тысячи, в 2020 году – 97 тысяч единиц. При определении должностей, подлежащих оптимизации, будут предусматриваться в первую очередь постоянные вакантные должности. Общее количество вакансий составляет порядка 8 000 единиц, или 8,5 процента от общей численности госаппарата», – сообщила она.

Сонымен қатар, жұмыскерлердің зейнетке шығуына байланысты жыл сайын 1000-нан астам бірлік босатылады, ал 6000-ға жуық қызметші жеке секторға және басқа ұйымдарға ауысады (baigenews.kz).

Қолда бар деректерге сүйене отырып есептейік: $97\ 000 : 100 \times 25 = 24\ 250$ адам. Мысалы, бұл Қостанай облысындағы Тобыл (Уикипедияға сәйкес, тұрғындар саны 24 556 адам) тұрғындарының санына барабар. Аудандық маңызы бар қала. Онда аудандық аурухана, төрт мектеп, колледж бар. Бұл сізге 2018–2019 жылдары жұмыстан шығарылған 700 шенеунік емес.

«ҚазАқпарат» агенттігіне Анар Нұралықызы мемлекеттік аппараттың қысқаруымен қатар жұмысқа қабылдауға мораторий енгізуді жоспарлап отырғандарын түсіндірді.

«Біз мораторий жариялағымыз келеді, бұл мәселе қазір пысықталып, келісіліп жатыр. Біз белгілі бір уақытқа, 2020 жылға дейін, мүмкін 2021 жылы да, мемлекеттік қызметке қабылдауды тоқтата тұру үшін конкурстарға мораторий жариялағымыз келеді. Себебі қызметкерлерді қысқарту және жұмысқа қабылдау туралы бір уақытта айту дұрыс емес».

Шенеуніктердің қысқарғаны туралы біз бұған дейін жазған болатынбыз. Мұны жақсы деп есептедік. Бірақ бәріміз де қиын уақытты бастан өткергенімізді және өткеріп жатқанымызды ескере отырып, мен бұл қадамдардың қаншалықты өзекті екенін және адамдарға мұның орнына не ұсынылып жатқанын түсінгім келеді. Әлде еңбек кітапшаларын қолдарына ұстатып, «өз наныңды өзің тап» деп жібере сала ма? Күрметті оқырмандар, осындай қадамдарға себеп болған оқиғалар тізбегін бақылап, тиісті қорытындылар жасайық. Біз негізінен Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрайымының әр уақытта әр түрлі шараларда және сұхбаттарда айтқан сөздеріне сүйенетін боламыз. Сонымен, бәрі неден басталды?

Кроме этого, ежегодно высвобождаются более 1000 единиц за счет выхода работников на пенсию, а также порядка 6000 служащих переходят в частный сектор и иные организации (baigenews.kz).

Ну что ж, давайте посчитаем на основании имеющихся данных: $97\ 000 : 100 \times 25 = 24\ 250$ человек. К слову, это почти Тобыл в Костанайской области (население – 24 556 человек согласно Википедии). Город районного значения, между прочим. Там есть районная больница, четыре школы, колледж. Это вам не 700 уволенных чиновников за 2018-2019 годы.

МИА «Казинформ» Анар Нуралиевна пояснила, что наряду с сокращением госаппарата планируют ввести мораторий на прием на работу.

«Мы хотим объявить мораторий, этот вопрос сейчас прорабатывается и находится на согласовании. Мы хотим объявить мораторий на конкурсы, чтобы пока не принимали на государственную службу какое-то время, в 2020 году, и, возможно, в 2021 году – тоже. Потому что говорить о сокращении и одновременно набирать людей будет неправильно».

Ранее мы уже писали о сокращении численности чиновников. И считали, что это хорошо. Но учитывая, что все мы пережили и переживаем не очень простое время, хочется понять – насколько эти шаги актуальны сейчас и что людям предлагают взамен? Или просто трудовую книжку в руки и на вольные хлеба? Давайте, дорогие читатели, вместе восстановим цепочку событий, приведших к подобным шагам, и сделаем соответствующие выводы. А опираться в основном будем на слова председателя Агентства по делам госслужбы, сказанные ей в разное время на различных мероприятиях и в интервью. Итак, с чего же все начиналось?



Мемлекеттік аппаратты қысқартумен қатар жұмысқа қабылдауға мораторий енгізу жоспарлануда.

Наряду с сокращением госаппарата планируют ввести мораторий на прием на работу.

МҰНЫ ПРЕЗИДЕНТ АЙТҚАН...

Өткен жылдың қыркүйек айында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің жыл сайынғы Жолдауында мұның бәрі не үшін жасалып жатқанын нақты айтты:

«Біз шенеуніктерді 25%-ға қысқарту мәселесін 2021 жылы шешеміз. Нәтижелеріне қарай одан әрі қысқарту туралы шешім қабылдаймыз. Үнемделген қаражат есебінен қалған қызметкерлердің жалақысы өседі. Жалақысы төмен мемлекеттік қызмет қоғам үшін тым қымбат. Бұл мәселені дұрыс түсінбеу теріс іріктеуге, құзыреттіліктің, бастамашылдықтың жойылуына және, ең бастысы, сыбайлас жемқорлыққа әкеледі».

Сол уақытта, былтыр қыркүйекте Liter.kz жазғандай, Олжас Құдайбергенов 2020 жылдың мамырында мемлекеттік аппарат штатының шамадан көптігі туралы айтқан, ол кезде ол Президенттің экономикалық мәселелер жөніндегі кеңесшісі болған.

«Нұр-Сұлтанның өзінде қарапайым мемлекеттік органдарда жалақы 100–150 мың теңгені құрайды. Бұл іс жүзінде аз ғана жалақы. 200–300 немесе 500 мың теңге алатындардың үлесі өте аз – 5%. Сондықтан бұл теңгерімсіздікті жою қажет. Менің ойымша, әкімшілік мемлекеттік қызметшілер жалақыны кемінде екі есе көп алуы керек. Практикалық (саяси) мемлекеттік қызметшілер бес есе артық алуы қажет. Қазақстандағы шенеуніктердің саны қажетті көрсеткіштерден асып түседі. 2011 жылы мемлекеттік қызметшілер саны 65 мың болса, қазір 98 мыңға жетті, яғни тоғыз жылда олар 50%-ға өсті», – деп жазды экономист өзінің Facebook парақшасында.

ЭТО ПРЕЗИДЕНТ СКАЗАЛ...

В сентябре прошлого года в своем ежегодном Послании Президент Касым-Жомарт Токаев четко озвучил, для чего все это делается:

«Задачу с сокращением чиновников на 25% мы решим уже в 2021 году. В зависимости от результатов примем решение и о дальнейшем сокращении. За счет сэкономленных средств будет повышена зарплата оставшихся работников. Низкооплачиваемая госслужба обходится обществу слишком дорого. Недопонимание этого вопроса ведет к отрицательной селекции, потери компетенции, инициативы и, самое главное, – к коррупции».

Как писал Liter.kz тогда же, в сентябре прошлого года, о «раздутости» госаппарата еще в мае 2020 года говорил Олжас Худайбергенов, он тогда был советником Президента по экономическим вопросам.

«Даже в Нур-Султане в обычных госорганах зарплата 100-150 тысяч тенге. Это на самом деле маленькая зарплата. Доля тех, кто получает 200-300 или 500 тысяч тенге, их очень мало – буквально 5%. Поэтому надо устранять этот перекося. По моему мнению, административные госслужащие должны получать зарплату минимум в два раза больше. Практические (политические) госслужащие должны получать в пять раз больше. Число чиновников в Казахстане превышает необходимые показатели. В 2011 году численность госслужащих было 65 тысяч человек, сейчас 98 тысяч, то есть за девять лет она выросла почти на 50%», – написал экономист на своей странице в Facebook.



Соңғы жылдары Қазақстанда мемлекеттік қызметшілер штатының біртіндеп қысқаруы байқалады.

В последние годы наблюдается постепенное сокращение штата госслужащих в Казахстане.



«Қазақстандағы шенеуніктердің саны қажетті көрсеткіштерден асып түседі».

Олжас Құдайбергенов

«Число чиновников в Казахстане превышает необходимые показатели».

Олжас Худайбергенов

КІМ БІРІНШІ?

Сонымен. Уәждеме түсінікті. Жұмыстан шығарылатын қызметкерлерді таңдау өлшемшарты ше? 2020 жылы қазан айында «Время» газетіне берген сұхбатында А. Жайылғанова бұл мәселе нормативті түрде реттелмегенін айтты.

«Әрбір мемлекеттік органның басшысы лимит шегінде қысқартылатын лауазымдарды дербес анықтайды. Бұл қисынды, өйткені мемлекеттік органға жүктелген міндеттерге ол өзі жауап береді және онда қызметкерлер құрамын құру мүмкіндігі болуы керек.

Әрбір мемлекеттік органда салалық департаменттер бар, біздің агенттікте бұл мемлекеттік қызмет департаменті, мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау департаменті және мемлекеттік қызметтер саласындағы бақылау департаменті. Мемлекеттік органның салалық қызметіне қатысты лауазымдар сақталуы керек. Қосымша қызметтер – ғимараттарға қызмет көрсету, бухгалтерлік есеп, мемлекеттік сатып алуларды өткізу – орталықтандыру арқылы оңтайландырыла алады. Өз агенттігімізде біз қаржы және заң департаменттерін әлдеқашан орталықтандырдық. 17 аумақтық департаменттің көптеген қаржылық және сот мәселелері орталық арқылы шешіледі».

Иә, кәсіпқойлықты дамыту бірнеше жылға созылады. Газет тілшісі де осы жөнінде ойлаған сияқты, сондықтан, былайша айтқанда, «қауіп аймағындағы» жастар туралы сұрақ қойды. Төрайым не деп жауап берді?

«Мен жаңадан қабылданған қызметкерлерге жұмыстан шығу төлемін төлемеу үшін оларды жұмыстан шығару практикасына қарсымын. Ол жұмыстан босатылған қызметкерлерге мемлекеттік қызмет өтілі кемінде үш жыл болған жағдайда ғана төленеді. Жас маманның кінәсі неде? Мүмкін оның шетелдік білімі бар шығар, мүмкін осы қызметте көптеген жылдар бойы жүргендерден және қайта құрылғысы келмейтіндерден жақсы шығар. Ал егер мұндай қызметкер жеткілікті тәжірибесінің болмауына байланысты жұмыстан шығарылса, онда ол өмір бойы мемлекеттік қызметке деген теріс көзқараста болады! Ең болмағанда біздің агенттікте мұндай жағдай болмайды деп нақты уәде бере аламын!»

КТО ПЕРВЫЙ?

Так, мотивация понятна. А критерии отбора претендентов на высвобождение? В интервью газете «Время» в октябре 2020 года А. Жайылғанова сказала, что этот вопрос нормативно не урегулирован.

«Каждый руководитель госорганов будет самостоятельно определять должности, подлежащие сокращению в пределах лимита. И это логично, поскольку именно он отвечает за поставленные перед госорганом задачи и должен иметь возможность формировать состав персонала.

А еще в каждом госоргане есть отраслевые департаменты, у нас в агентстве это департамент госслужбы, департамент контроля в сфере госслужбы и департамент контроля в сфере госуслуг. И должности, задействованные в отраслевой деятельности госоргана, надо сохранить. А вспомогательные службы – содержание зданий, бухгалтер, проведение госзакупок – можно оптимизировать посредством централизации. У себя в агентстве мы уже давно централизовали финансовый и юридический департаменты. Многие финансовые и судебные вопросы 17 территориальных департаментов решаются через центр».

Да, профессиональность годами нарабатывается. Корреспондент газеты тоже об этом, видимо, подумал, поэтому -то и про молодых вопрос задал, которые, так сказать, в «зоне риска». Что ответила председатель?

«Я против практики, когда сокращают недавно принятых на работу сотрудников ради того, чтобы не платить им выходное пособие. Оно выплачивается сокращаемым служащим только при наличии стажа госслужбы не менее трех лет. В чем вина молодого специалиста? Может, у него зарубежное образование, может быть, он лучше, чем те, кто сто лет в обед работает и не хочет перестраиваться. И если такого сотрудника сократить из-за того, что у него недостаточно опыта, у него тогда на всю жизнь останется негатив к госслужбе! По крайней мере, я могу обещать, что у нас в агентстве этого не будет точно!»

Жақсы. Ең болмағанда оның қарамағындағылар үшін қам жемеуге болады.

ЖАҚСЫ ЖАЛАҚЫ БОЛАДЫ!

Әйтеуір олар осындай уәде берді. Сұхбатты оқиық.

«2021 жылдың 1 шілдесінен бастап барлық мемлекеттік органдарда факторлық-балдық шкалаға (ФБШ) негізделген еңбекақы төлеудің жаңа жүйесі енгізіледі <...>

Естеріңізге сала кетейік, ФБШ екі бөлікке бөлінеді – тұрақты, нақты жалақы және бонустар. Бонустар – бұл жұмыс нәтижесіне байланысты өзгермелі бөлік. Қаржыландыру көзі ретінде мемлекеттік қызметшілерді екі рет қысқарту нәтижелері бойынша босатылатын қаражат қарастырылады.

Пилоттық мемлекеттік органдарда ФБШ өзінің тиімділігін көрсетті. Неліктен? Себебі бұрын аймақтар мен орталықтағы жалақы арасындағы айырмашылық 70 пайызды құраса, қазір бұл айырмашылық небары 10 пайыз. Ал ФБШ төменгі сатыдағы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге үлкен көмек. Бұл әсіресе аймақтық деңгейде байқалады, онда облыстық деңгейде атқарушы буынның жалақысы – 67 пайызға, аудандық деңгейде – 101, ауылдарда 106 пайызға өскен».

АРТЫҚШЫЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫ

Ал жұмыста қалғандарға – құрмет. Мемлекеттік қызметшілердің қайсысы артықшылықтарға ие

Ну хорошо. Хотя бы за ее подчиненных можно быть спокойными.

ДОСТОЙНЫЕ ЗАРПЛАТЫ БУДУТ!

Во всяком случае обещают. Читаем интервью?

«С 1 июля 2021 года во всех госорганах внедрят новую систему оплаты труда, основанную на факторно-балльной шкале (ФБШ). <...>

Напомним, что ФБШ делится на две части – стабильная, твердая зарплата плюс бонусы. А бонусы – это переменная часть, которая зависит от результата работы. В качестве источников финансирования рассматриваются средства, которые будут высвобождены по итогам двух сокращений госслужащих.

ФБШ в пилотных госорганах показала свою эффективность. Почему? Потому что раньше разрыв между зарплатами в регионах и центре составлял 70 процентов, а сейчас разрыв всего 10 процентов. И ФБШ, между прочим, очень сильно помогает именно административным госслужащим нижнего звена. Особенно это заметно на региональном уровне, где зарплаты исполнительского звена на уровне области повысились на 67 процентов, на районном уровне – на 101 и в селах на 106 процентов».

ПРЕИМУЩЕСТВЕННОЕ ПРАВО

Что ж, оставшимся – уважение. Кто же из госслужащих будет иметь преимущества и не попадет под грядущие

Мемлекеттік органдардың басшыларына қысқарту туралы шешім қабылдағанда әлеуметтік осал мемлекеттік қызметшілерге жұмыста қалуға басым құқық беру ұсынылды.



Руководителям госорганов рекомендовано при принятии решения о сокращении отдавать преимущественное право оставаться на работе социально уязвимых госслужащих.

және алдағы қысқартуларға ілікпейді? Бұл туралы А. Жайылғанова ОКҚ-да өткен брифингте айтты.

«Еңбек кодексіне сәйкес, жүкті әйелдер, үш жасқа дейінгі балалары бар аналар, жалғызбасты аналар, балаларды анасыз тәрбиелеп отырған басқа адамдар, сондай-ақ зейнетке шығуына екі жылдан аз уақыт қалған қызметкерлер қысқартуға жатпайды. Мемлекеттік қызметте үш жылдан кем емес жұмыс өтілі болса, төрт айлық жалақы мөлшерінде жұмыстан босату төлемі беріледі», – деді ол.

Мемлекеттік органдардың басшыларына қысқарту туралы шешім қабылдағанда әлеуметтік осал санаттарға жататын мемлекеттік қызметшілерге жұмыста қалуға басым құқық беру ұсынылды. Оларға мыналар жатады: асырауында екі немесе одан да көп адамы бар жұмыскерлер, көп балалы аналар, бір ғана табыс көзі бар, жарақат алған және т.б. адамдар (*baigenews.kz*)

ӘРІ ҚАРАЙ НЕ БОЛМАҚ?

Жақсы, мұны түсіндік, ал жұмыстан шығарылғандарға не ұсынылады? Құқықтық мемлекетте адамды жай көшеге тастай салуға болмайды ғой. Сұхбатта осы мәселеге қатысты ақпарат бар.

«Биылғы жылы (2020 ж. – Автордың ескертпесі) қысқарту ауыртпалықсыз болатындығын баса айтқым келеді, өйткені қысқартылатын 10 пайыз адамның 8,5 пайызы қолда бар және әлеуетті бос жұмыс орындарының есебінен қамтамасыз етіледі. Көптеген адамдар мұны дұрыс түсінбейді, бізді қысқарту жүргізісі келмейді деп ұғады. Жоқ, мен жай ғана адамдардың мүддесін басшылыққа аламын. Білмеймін, мемлекеттік қызметшілер туралы әр түрлі пікірлер айтылады, неге екенін білмеймін, оларды көбі ұната бермейді. Неліктен біз бұл қол тигізбейтін каста деп ойлаймыз? Олай емес. Олар біздің қоғамның мүшелері, олар бір жалақыға өмір сүреді, олардың отбасылары, балабақшаға және мектепке апаратын балалары бар, көпшілігінде ипотекалық несие бар. Сондықтан біз жұмыссыздықтың өсуіне жол бермеу үшін адамдарды нақты қысқартуды барынша азайтуға тырысамыз.

Мен әкімдіктермен сөйлестім, барлығында дерлік бос жұмыс орындары бар, осының есебінен олар адамдарды қалдырады. Тек Қызылорда облысында – оларда бос жұмыс орындарының пайызы төмен – қысқартылған мемлекеттік қызметшілерге ведомстволық бағыныстағы ұйымдардан жұмыс қарастырылады. Мұның мемлекеттік қызмет емес екенін баса айтқым келеді. Бұл тұрғыда әкімдіктерге оңай, олардың көптеген бағынышты ұйымдары бар.

Содан кейін мемлекеттік органдар уәкілетті еңбек органымен бірлесіп, мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау бойынша шаралар қабылдайды – мүмкін бірі кәсіпкерлік қызметпен айналысқысы, бірі экономиканың нақты секторының қатысушысы болғысы келетін шығар. Мемлекеттік қызметте адамдар

сокращения? Об этом А. Жайылғанова рассказывала еще на вышеупомянутом брифинге в ЦСЖ.

«Согласно Трудовому кодексу, не подлежат сокращению беременные женщины, матери, имеющие детей в возрасте до трех лет, одинокие матери, иные лица, воспитывающие детей без матери, а также служащие, которым осталось менее двух лет до пенсии. При наличии стажа в госслужбе не менее трех лет предусмотрено выходное пособие в размере четырех месячных заработных плат», – сказала она.

Руководителям госорганов рекомендовано при принятии решения о сокращении отдавать преимущественное право оставаться на работе госслужащим, относящимся к социально уязвимым категориям. К таким относятся: работники, воспитывающие двух и более иждивенцев, многодетные матери, имеющие единственный доход, получившие увечья и т. д. (*baigenews.kz*)

ЧТО ДАЛЬШЕ?

Ну хорошо, это мы поняли, а что уволенным предлагают взамен? Ведь нельзя же в правовом государстве просто выкинуть человека на улицу? В интервью имеется информация касательно этого вопроса.

«Хочу подчеркнуть, что в этом году (в 2020. – Прим. автора) сокращение пройдет безболезненно, потому что 8,5 процента из 10 сокращаемых будут обеспечены за счет незаполненности имеющихся и потенциальных вакансий. Многие это неправильно воспринимают, как будто мы не хотим сокращаться. Нет, просто я исхожу из интересов людей. Не знаю, про госслужащих говорят разное, почему-то их не любят. Почему мы все думаем, что это какая-то неприкасаемая каста? Это же не так. Это те же члены нашего общества, живут на одну зарплату, у них тоже есть семьи, дети, которых надо водить в садик и школу, у многих из них ипотечные кредиты. Поэтому мы будем очень стараться минимизировать реальное сокращение людей, чтобы не допустить роста безработицы.

Я с акиматами разговаривала, почти у всех есть вакансии, за счет чего они людей сохраняют. Только вот в Кызылординской области – у них маленький процент вакансий – будут искать сокращаемым госслужащим работу в подведомственных организациях. Я хочу подчеркнуть, что это уже не госслужба. Вот акиматам легче всего в этом плане, у них много подведомственных организаций.

Потом госорганы совместно с уполномоченным органом по труду примут меры по переподготовке госслужащих – может, кто-то захочет заняться предпринимательской деятельностью или станет участником реально сектора экономики. На госслужбе люди очень компетентные, имеющие

«2021 жылдың 1 шілдесінен бастап барлық мемлекеттік органдарда факторлық-балдық шкалаға (ФБШ) негізделген жаңа еңбекақы жүйесі енгізіледі... Қаржыландыру көзі ретінде мемлекеттік қызметшілерді екі рет қысқарту нәтижесі бойынша босатылатын қаражат қарастырылады».

Анар Жайылғанова, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрайымы



«С 1 июля 2021 года во всех госорганах внедрят новую систему оплаты труда, основанную на факторно-балльной шкале (ФБШ)... В качестве источников финансирования рассматриваются средства, которые будут высвобождены по итогам двух сокращений госслужащих».

Анар Жаилғанова, председатель Агентства по делам государственной службы

өте құзыретті, әр түрлі салада тәжірибесі бар. Бұл экономистер, заңгерлер, инженерлер, педагогтар, ауылшаруашылық қызметкерлері, дәрігерлер... Олардың барлығының жоғары білімі бар, ал кейбірінің бірнеше дипломы бар және шетелдік жоғары оқу орындарының түлектері. Мемлекеттік қызметшілердің басым бөлігі еңбек нарығында сұранысқа ие болады деп ойлаймын! Айтпақшы, ауылдық деңгейдегі мемлекеттік қызметшілер – олар 14 000-ға жуық – қысқартуға жатпайтынын атап өткім келеді. Ауылдарда, керісінше, басшылар жеткіліксіз».

Хм... Мүмкін жұмыстан қысқартылғандарға жұмысты ауылдан іздеу жөнінде ойлану керек шығар.

АЛ СҰРАҚТАР БІТКЕН ЖОҚ...

Аяқтайтын уақыт келді. Мақала емес, үздіксіз төл сөз болып шықты. Екінші жағынан, шенеуніктерді күтіп тұрған келешек туралы бастапқы дереккөзден (әрине, Президенттен кейін) артық ешкім айта алмайды. Ал 2020 жылы қысқартудың «ауыртпалықсыз» өтетіндігі ыңғайсыздау емес пе? «Демек, 2021 жылы қысқарту «ауыр» болмақ па?» деген заңды сұрақ туындайды. Біз дегенмен 100–150 мың жалақы алатын, отбасылары, балалары бар, үй жалдауға, несие төлеуге мәжбүр жұмыскерлер туралы айтып отырмыз. Сұрақтар, сұрақтар... Жауапты адамдар әзірге басқа ақпарат бермей отыр. Мүмкін сізде бар шығар? Қалай болғанда да, тақырыпты соңына дейін аштық деуге ерте. Демек, жалғасы бар...

Ирина СОКОЛОВА

опыт работы в разных сферах. Это экономисты, юристы, инженеры, педагоги, работники сельского хозяйства, медики... Все они с высшим образованием, а некоторые из них имеют несколько дипломов и являются выпускниками зарубежных вузов. И я полагаю, что большинство госслужащих будут востребованы на рынке труда! Кстати, хочу отметить, что госслужащие сельского уровня – а их около 14 тысяч – под сокращение не подпадают. В селах, наоборот, не хватает управленцев».

Хм... Может, уволенным про работу в аулах подумать?

А ВОПРОСЫ-ТО ОСТАЛИСЬ...

Пора заканчивать. Ну вот, не статья, а сплошная прямая речь получилась. А с другой стороны, лучше, чем первоисточник (после Президента, конечно), о перспективах, которые ожидают чиновников, никто не скажет. И то, что в 2020 году сокращение пройдет «безболезненно», смущает, не правда ли? Возникает резонный вопрос: значит ли это, что в 2021 году сокращение пройдет «болезненно»? Речь все-таки идет именно о тех работниках, получающих зарплату 100–150 тысяч, у которых есть семьи, дети, которым приходится снимать жилье, оплачивать кредиты и т. д. Вопросы, вопросы... Пока другой информации ответственные лица не дают. Может быть, у вас есть? В любом случае говорить о том, что мы раскрыли тему до конца, преждевременно. А значит, продолжение следует...

Коронавирусыға қарсы вакцина бар және олар бірнешеу. Бұл қорқынышты COVID-19 вирусын жеңуге көмектесетін үлкен ғылыми жетістік. Вакциналар қалай жұмыс істейді? Қазақстанда вакцинация қалай өтеді? Вакцина салғандар ынталандырыла ма? Біз осы және басқа сұрақтарға вакцинация туралы ақпараттық топтамада жауап береміз.

ВАКЦИНАЦИЯ ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ СҰРАҚТАР



ГЛАВНЫЕ ВОПРОСЫ О ВАКЦИНАЦИИ

Вакцина от коронавируса есть. И не одна. Это ценнейшее научное достижение, которое поможет миру коллективно победить страшный вирус COVID-19. Как работают вакцины? Как будет проходить вакцинация в Казахстане? Будут ли поощрять тех, кто вакцинировался? На эти и другие вопросы мы отвечаем в нашей информационной подборке о вакцинации.

ВАКЦИНАЦИЯ НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?

Адам өз өмірінде түрлі инфекциялармен бетпе-бет келеді. Көпшілігіміз олармен күресе аламыз, өйткені иммундық жүйе қоздырғыштарды тану және оларды есте сақтау мүмкіндігіне ие болады. Вакциналар біздің иммундық жүйемізді жасанды түрде ынталандыру үшін, оны белгілі бір қоздырғышты немесе оның бір бөлігін тануға алдын-ала үйрету үшін қолданылады. Бәрі ойдағыдай болған жағдайда, егуден кейін инфекция дамымайды, өйткені организм қандай да бір аурудың қоздырғышымен кездесуге және оны бейтараптандыруға дайын. Мысалы, 1918–1919 жылдардағы испан тұмауының пандемиясы бүкіл әлемде 100 миллионға жуық адамның өмірін қиды. Инфекция жұқтырғандарда емге көнбейтін пневмония дамыды. Алайда ауру жастарды жалмап, 50-60 жастағы адамдарды айналып өтті. Бұның себебі, аға буын вирустың осыған ұқсас түрлерімен ауырған және оған қарсы иммунитеті қалыптасқан.

Шешекке қарсы алғашқы вакцинаны XVIII ғасырдың соңында ағылшын дәрігері Дженнер жасап, «вакцинация» терминін ғылыми қолданысқа енгізді. Ұлы француз ғалымы және дәрігері Луи Пастер 1884 жылы – құтыруға қарсы алғашқы тірі вирустық вакцинаны, ал 1888 жылы түйнемеге қарсы вакцинаны шығарды. 1896 жылы британдық ғалымдар Грубер мен Дархэм іш сүзегі, тырысқақ және обаға қарсы вакциналар жасады. XX ғасырдың басында француз ғалымдары Альберт Кальметт пен Камиль Герен сиырдың әлсіреген тірі туберкулез бацилласы штаммына негізделген алғашқы вакцинаны – БЦЖ вакцинасын (BCG – Bacille Calmette-Guerin) жасағанда туберкулездің алдын алу және оның ауыр түрлерінің қаупін азайту мүмкіндігі туралы сөз қозғала бастады. Әлемге әйгілі тағы бір екпе – полиомиелитке қарсы вакцина. XIX–XX ғасырдың бірінші жартысында Еуропа мен АҚШ-та полиомиелит өршіп, жыл сайын ондаған мың адамға залалын тигізді. Полиомиелитке қарсы вакцинаның кең көлемде қолданыла бастауы аурудың күрт төмендеуіне әкелді. А гепатиті, желшешек, көкжөтел, ротавирус инфекциясы және басқаларға қарсы вакциналар бар. Ғалымдар үнемі жаңа вакциналар жасау үстінде, өйткені әлемде инфекция азайып жатқан жоқ. XXI ғасырда адамның папилломавирус инфекциясына, Эбола вирусына және жапон энцефалитіне қарсы вакциналар лицензияланды.

Вакциналар біздің иммундық жүйемізді жасанды түрде ынталандыру үшін қолданылады.

Вакцины используют, чтобы искусственно стимулировать нашу иммунную систему.

ЗАЧЕМ НУЖНА ВАКЦИНАЦИЯ?

На протяжении жизни люди сталкиваются с самыми разными инфекциями. Большинство из нас могут с ними бороться, так как иммунная система приобретает возможность распознавать возбудителей и запоминать их. Вакцины используют, чтобы искусственно стимулировать нашу иммунную систему, заранее научить ее узнавать какой-то конкретный возбудитель или часть его. В идеале после этого инфекция не будет развиваться, потому что организм готов встретить и обезвредить возбудителя той или иной болезни. Так, например, пандемия «испанки» в 1918-1919 годах унесла жизни почти 100 миллионов человек по всему миру. У зараженных стремительно развивалась пневмония, не поддающаяся лечению. Однако болезнь убивала молодежь, а 50-60-летних людей обходила стороной. Дело в том, что старшее поколение успело к тому времени переболеть схожими штаммами вируса и обладало иммунитетом.

Первую прививку от натуральной оспы сделал в конце XVIII века английский врач Дженнер, который и ввел в научный обиход термин «вакцинация». Великий французский ученый и врач Луи Пастер в 1884 году изготовил первую живую вирусную вакцину против бешенства, а в 1888 – вакцину против сибирской язвы. В 1896 году британские ученые Грубер и Дархэм создали вакцины против брюшного тифа, холеры и чумы. О возможности предотвращать туберкулез и уменьшать риск возникновения тяжелых форм заговорили, когда в начале XX века французские ученые Альбер Кальметт и Камиль Герен создали первую человеческую вакцину на основе штамма ослабленной живой коровьей туберкулезной бациллы – вакцину БЦЖ (BCG – Bacille Calmette-Guerin). Еще одна всемирно известная вакцина – от полиомиелита. В XIX – первой половине XX века полиомиелит бушевал в Европе и США, поражая десятки тысяч людей ежегодно. Начало масштабного использования полиомиелитной



МОРАЛЬДЫҚ ҚЫРЫ

COVID-19-ға қарсы вакцинация бүкілдүниежүзілік ауқымда жүргізілмейтінін айту керек. Кедей елдердің тұрғындары вакцинасыз қалуы мүмкін, өйткені қазір шығарылатын келешегі бар вакциналардың басым бөлігін дамыған елдер сатып алған. Бұл мәлімдемені құрамына құқық қорғау және қайырымдылық ұйымдары – Amnesty International, Frontline AIDS, Global Justice Now және Oxfam – кіретін People's Vaccine альянсының мүшелері жасады. Сатып алынған вакциналар саны бойынша Канада көшбасшы болып табылады, олар өз елінің тұрғындарын бірнеше рет вакцинациялай алады. Табысы төмен 67 мемлекет вакцинасыз қалуы мүмкін, ал бұл елдерде коронавирустық инфекцияның таралуы өте жоғары деңгейде. Мысалы, Кения, Мьянма, Пәкістан, Нигерия және Украинада 1,5 миллионға жуық адам ауру жұқтырған. Альянс вакцина жасаушыларды Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы арқылы өздерінің технологиялары мен зияткерлік меншіктерін бөлісуге шақырды, сонда мүмкіндігінше көп дозалар өндіріліп, вакцина көпшілік үшін қолжетімді болады.

ҚАЗАҚСТАНДА ҚАНДАЙ ВАКЦИНАЛАР САЛЫНБАҚ

Қазақстан Республикасында 6 миллионға жуық адамға вакцина егу жоспарланған. 2 миллион адамға – ресейлік «Спутник V» вакцинасы, ал 4 миллион қазақстандыққа QazCOVID-in вакцинасы салынады. Отандық вакцина клиникалық зерттеулердің үшінші сатысында және уақытша тіркеуі бар. Ресейлік және қазақстандық вакциналар 18 және 65 жас аралығындағы адамдарға арналған. Балаларға вакцина салынбайды. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі электронды вакцинация паспорты бойынша жұмыстарды аяқтауда, ол eGov Mobile мобильді қосымшасы ретінде шығарылады.

вакцины привело к резкому сокращению заболеваемости. Существуют вакцины против гепатита А, ветряной оспы, коклюша, ротавирусной инфекции и другие, и ученые постоянно работают над созданием новых вакцин, ведь инфекции в мире не становятся меньше. В XXI веке лицензированы вакцины против папилломавирусной инфекции, вируса Эбола, японского энцефалита.

МОРАЛЬНЫЙ АСПЕКТ

Необходимо сказать о том, что вакцинация против COVID-19 будет проходить не во всемирном масштабе. Население бедных стран может остаться без вакцины, так как большинство перспективных вакцин, производимых сейчас, уже выкуплены развитыми странами. Такое заявление сделали участники альянса People's Vaccine, в который входят правозащитные и благотворительные организации: Amnesty International, Frontline AIDS, Global Justice Now и Oxfam. По количеству закупленных вакцин лидирует Канада, которая сможет вакцинировать население своей страны несколько раз. 67 стран с низкими доходами могут остаться вообще без вакцины, и это при том, что в этих странах как раз очень высокий уровень заражения коронавирусной инфекцией. Например, в Кении, Мьянме, Пакистане, Нигерии и на Украине почти 1,5 млн заразившихся. Альянс призвал разработчиков вакцины поделиться своими технологиями и интеллектуальной собственностью через Всемирную организацию здравоохранения, чтобы можно было производить как можно больше доз и сделать вакцину общедоступной.

КАКИЕ ВАКЦИНЫ БУДУТ СТАВИТЬ В КАЗАХСТАНЕ

В Республике Казахстан планируется вакцинировать около 6 млн человек. 2 миллиона получают российскую вакцину «Спутник V», и 4 миллиона – казахстанскую вакцину QazCOVID-in. Отечественная вакцина находится на третьей стадии клинических испытаний и имеет временную регистрацию. И российская, и казахстанская вакцины предназначены для людей в возрасте от 18 до 65 лет. Детей вакцинировать не будут. В Минздраве РК завершается работа над элек-

признания брака недействительным содержится в п. 1 ст. 25 Кодекса Республики Казахстан «О браке (супружестве) и семье», является исчерпывающим и не подлежит расширительному толкованию. К таким основаниям относятся: нарушение установленных условий заключения брака, в том числе требований к брачному возрасту, вступление в брак лиц, между которыми не допускается заключение брака, а также заключение фиктивного брака, в котором стороны или одна из них не имели намерения создать семью. Также может быть признан недействительным брак, заключенный по принуждению и в случае, если одно из лиц, вступающих в брак, скрыло от другого наличие у него болезни, создающей реальную угрозу членам семьи, личной безопасности и др.

Обратиться в суд с иском о признании брака недействительным вправе как кто-либо из супругов, так и их наследники, опекуны. Если брак признается судом недействительным, то считается, что он не существовал вообще и между состоявшими в нем лицами никаких прав и обязанностей не возникло (приобретенное имущество не считается общим, не возникает права на алименты и т. п.).

Слышал о том, что в Казахстане будет ужесточена ответственность за взяточничество. Действительно ли это так?

Действительно, в Казахстане с 2021 года будут жестче наказывать за взяточничество, которое относится к коррупционным преступлениям. Если прежде за преступление, предусмотренное частью 2 ст. 367 (дача взятки в значительном размере) Уголовного кодекса Республики Казахстан (далее – УК РК), максимальная санкция составляла до 5 лет лишения свободы и, соответственно, это деяние признавалось преступлением средней тяжести, то в настоящее время верхний порог наказания увеличен до 7 лет, что автоматически относит это преступление к категории тяжких с соответствующими правовыми последствиями: запрет условно-досрочного освобождения, невозможность отбытия наказания в колонии минимальной безопасности.

Кроме увеличения сроков лишения свободы, возросли и размеры штрафов за дачу взятки и посредничество во взяточничестве. К примеру, теперь для дающих взятку по части 1 ст. 367 УК РК минимальный размер кратного штрафа увеличен вдвое – с 10-кратного до 20-кратного размера взятки. Аналогично вдвое увеличен порог кратного штрафа и для посредников: по части 1 ст. 368 УК РК было «от 5-кратной до 10-кратной суммы взятки», а стало – «от 10-кратной до 20-кратной суммы взятки».

<http://gossluzhba.kz>



«Мемлекеттік қызмет – Государственная служба» баспасы еліміздің және әлемнің мемлекеттік қызметін езінің басымдығы етіп таңдап алып, digital-кеңістікте ҚР мемлекеттік қызметінің имиджін арттыру миссиясын жалғастыруда.

Енді журналдың жаңа санын күте жүріп, маңызды жаңалықтарды қадағалауды жалғастыра беруге және мемлекеттік сала ағымдарының көкейтесті сәттерін қадағалап отыруға болады, бұл алуан түрлі бағыттар бойынша күннің ақпараттық-саяси келбетін көрсетуге мүмкіндік береді.

Мемқызмет.kz ақпараттық агенттігі – бұл

- ақпараттың дұрыстығы
- көкейтесті контент
- оқиғаларды ақиқат баяндау
- жаңалықтар, эксклюзив сұхбаттар
- талданбалы материалдар
- қызықты мақалалар
- арнайы жобалар

Редакцияның мекенжайы:

050013, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Желтоқсан 177а
тел.: +7 (727) 255 86 88
e-mail: info@gossluzhba.kz

Издательство «Мемлекеттік қызмет – Государственная служба», выбрав своим приоритетом государственную службу страны и мира, продолжает миссию повышения имиджа государственной службы РК в digital-пространстве.

Теперь в ожидании свежего номера журнала можно продолжать следить за важными новостями и отслеживать тенденции государственной сферы в момент актуальности, что позволяет отобразить информационно-политическую картину дня по самым разным направлениям.

Информационное агентство «Госслужба.kz» – это:

- достоверность информации
- актуальный контент
- объективное освещение событий
- новости, эксклюзивное интервью
- аналитические материалы
- интересные статьи
- спецпроекты

Адрес редакции:

050013, Республика Казахстан, г. Алматы, Желтоқсан, 177а
тел.: +7 (727) 255 86 88
e-mail: info@gossluzhba.kz

**БІЗГЕ ӨМІРДЕН
ЛӘЗЗАТ
АЛУҒА НЕ КЕДЕРГІ,
немесе
КҮЙЗЕЛІСТЕН ҚАЛАЙ
ҚҰТЫЛУҒА БОЛАДЫ**

ЧТО НАМ МЕШАЕТ НАСЛАЖДАТЬСЯ ЖИЗНЬЮ, или КАК ИЗБАВИТЬСЯ ОТ НЕГАТИВНЫХ ПЕРЕЖИВАНИЙ

Психолог Альберт Эллис адамның нашар көңіл күйден және онымен бірге жүретін сәтсіздіктерден өз бетінше арылу қабілетіне арналған теория өзірледі. Эллис біздің ауыр эмоционалдық күйзелістеріміздің көбі мүлдем қажетсіз деп санайды. Біз көбіне өз сезімдерімізді өзіміз жасаймыз, олардың тұтқынында емеспіз...

Психолог Альберт Эллис разработал теорию, посвященную возможности человека самостоятельно избавляться от дурного настроения и сопутствующих ему несчастий. Эллис считает, что большинство наших тяжелых эмоциональных переживаний являются совершенно ненужными. Мы в значительной мере сами создаем свои чувства, а вовсе не находимся в их плену...

Саналы немесе бейсаналы түрде болсын, біз өзіміздің ойлау жолымызды, демек, сезімдерімізді де – жағымды да, жағымсыз да – өзіміз таңдаймыз. Алайда біздің өзіндік сана-сезіміміз мақсаттарымыз бен қалауларымызды бағалауға, қайта қарауға және өзгертуге мүмкіндік береді. Эллис **біз сенетін және бізге өмірден ләззат алуға мүмкіндік бермейтін ең кең таралған 12 «аңызды»** анықтады. Олардың әрбірін жеңу – бұл қажетсіз жан жарақаты мен реніштен арылу жолындағы бір қадам.

Сознательно или бессознательно, но мы сами выбираем путь своего мышления, а значит, и свои чувства – и положительные, и отрицательные. Однако наше самосознание позволяет нам оценивать, пересматривать и менять свои цели и желания. Эллис выделил **12 самых распространенных «мифов», в которые мы верим и которые мешают нам наслаждаться жизнью.** Преодоление каждого из них – это шаг на пути к жизни без ненужных травм и огорчений.

1

Бірінші аңыз: «Барлық адам мені жақсы көріп, жасаған ісімді мақұлдауы керек»

Адамның бәрі сізді жақсы көретіндігіне, құрметтейтіндігіне сеніп, мұны мәңгі күте аласыз. Осындай қатынастан ерекшеленетін кез келген қатынас ренжіту немесе қорлау ретінде қабылданады, ал бұл өз кезегінде терең мазасыздық пен өзіне деген сенімсіздік сезімдерін тудырады. Ескерту: бәрінің көңілінен шығу мүлде мүмкін емес! Ешкімге ұнауға, жағынуға тырыспаңыз, әлемнен тек позитивті нәрселер күтпеңіз – бұл сізді көңілсіздік пен қорқыныштан құтқарады. Өзіңізге ғана адал болыңыз.

Миф первый: «Все должны меня любить и одобрять то, что я делаю»

Верить и ждать того, что все будут любить и уважать вас, можно бесконечно. Любое отношение, которое отличается от такого, будет восприниматься как обида или оскорбление, а это, в свою очередь, вызовет глубокое чувство тревоги и неуверенности в себе. Учтите: всем понравиться просто невозможно! Не старайтесь нравиться, не пытайтесь никому угодить, не ждите от мира только позитива – это уберезит вас от разочарования и страха. Оставайтесь верным только самому себе.



2

Екінші аңыз: «Адам кемел және мінсіз болуы, кез келген салада жетістікке жетуі керек»

Бұл жалған сенім бізді ауыр жағдайға душар етеді: оның салдарынан біз мәңгілік құрбан рөлін тандаймыз, өйткені іс жүзінде ешкім ешнәрседі мінсіз бола алмайды. Табыстылық туралы аңыз «әрдайым» және «ешқашан» деген сөздермен бірге жүреді: «Мен мұны ешқашан жасай алмаймын». Егер сіз өзіңіздің осындай үзілді-кесілді пікірлерге тәуелді екеніңізді байқасаңыз, ең дұрысы, өз арсеналыңызда мұның тек оң жақтарын қалдырыңыз, мысалы: «Мен әрдайым өзіме сенімдімін» немесе «Мен табысқа жететініме ешқашан күмәнданбадым».

Миф второй: «Человек должен быть совершенен и безупречен, добиваться успеха в любой области»

Этот предрассудок ставит нас в ужасное положение: мы сами выбираем для себя роль вечной жертвы, так как на самом деле никто не может быть успешен абсолютно во всем. Миф об успешности сопровождается словами «всегда» и «никогда»: «У меня никогда это не получится». Если вы замечаете за собой пристрастие к подобным категоричным формулировкам, самое лучшее – оставить в своем арсенале только положительные из них, например, такие как: «я всегда чувствую уверенность в себе» или «я никогда не сомневался в том, что у меня это получится».



3

Үшінші аңыз: «Белгілі бір әрекеттер қате және оны жасаған адам жазалануы керек»

Басқа адамдардың іс-әрекетін айыптауға бейімділік тыныштық та, қанағат та әкелмейді. Біреуді айыптамас бұрын ол адамның көзқарасын түсінуге, оның өмірінің мәңгіліктері туралы көбірек білуге тырысыңыз – бір сөзбен айтқанда, оның іс-әрекеттерін талдаңыз. Бұл сізге оны жақсы түсінуге және онымен тым жақын болмаса да, бірқалыпты, жанжалсыз қарым-қатынасты сақтауға көмектеседі.

Миф третий: «Определенные поступки ошибочны, и тот, кто их совершает, должен быть наказан»

Склонность к порицанию поступков других людей не приносит ни спокойствия, ни удовлетворения. Прежде чем осуждать кого-либо, попробуйте понять точку зрения этого человека, больше узнать об обстоятельствах его жизни – словом, проанализировать его поведение. Это поможет вам лучше понять его и сохранить хоть и не совсем теплые, но ровные, бесконфликтные отношения.


4

Төртінші аңыз: «Егер бір нәрсе сіз қалағандай болмаса, бұл сұмдық»

Бұл қате пікір өте қауіпті, өйткені оның нақты негізі жоқ. Әрине, егер сәтсіздікке ұшырасаңыз, бұл қуанатын жайт емес. Бірақ бұл оқиғаларды сұмдық дей отырып, сіз оларды апаттар қатарына қосасыз. Сізді бүгінгі күні әлдекімнің қабылдамауы енді әрдайым осылай болады дегенді білдірмейді. Басқаша айтқанда, біз өзіміз «түймедейді түйедей» етеміз, жағдайды ушықтырып, шектен шығып, осы «апатқа» немесе «сұмдық шындыққа» сенуге дайынбыз.

Миф четвертый: «Если что-то получается не так, как хотелось, это ужасно»

Это заблуждение очень опасно, так как не имеет под собой абсолютно никаких реальных оснований. Конечно, если вы потерпели неудачу, это неприятно. Но называя эти события ужасными, вы намеренно переводите их в разряд катастрофы. Тот факт, что вас отвергли сегодня, не означает, что вас будут отвергать всегда. Другими словами, мы сами делаем «из мухи слона», драматизируем ситуацию, а зайдя слишком далеко, уже готовы поверить в эту «катастрофу» или «страшную действительность».



Бесінші аңыз: «Адам өзін басқара алмайтын сыртқы жағдайларға байланысты ренжіп, қайғырады»

Біз болған оқиға үшін емес, болған оқиғаны өзіміздің түсінуіміз салдарынан уайымға жол береміз. Егер бәріне үмітсіздікпен қарайтын болсаңыз, онда қайғы мен көңілсіздіктен арылуыңыз неғайбыл. Бұл аңыз ең осал болып табылады, өйткені өмірге сәл шынайы көзқараспен қарайтын болсақ, бізді шынымен де ренжітетін немесе қорқытатын сыртқы жағдайлар өте аз.

Миф пятый: «Человек расстраивается и печалится из-за внешних обстоятельств, над которыми он не властен»

Мы позволяем себе расстроиться не из-за случившегося как факта, а из-за собственной интерпретации произошедшего. Если придавать всему оттенок безысходности, то испытывать грусть и разочарование можно бесконечно. Этот миф наиболее уязвим, так как при чуть более реальном взгляде на жизнь очевидно, что очень малое количество внешних обстоятельств может реально огорчить или напугать нас.



Жетінші аңыз: «Өмірдегі қиындықтар мен жауапкершіліктен аулақ болу оларға төтеп бергеннен гөрі оңай»

Кейбір психологиялық тәсілдер адамға өз өмірінде болып жатқан оқиғалар үшін жауапкершіліктен жалтаруға белгілі бір дәрежеде мүмкіндік береді. Алайда тектік бейімдігіміз бен қоршаған ортамыз ғана бізге әсер ете алады, бірақ бұл күш те абсолютті емес. Біз жағымды да, жағымсыз да сезімдерімізді өзіміз құрамыз. Уайымдарымыз үшін жауапкершілікті түгелдей өзімізге алып, өмірімізде өзгені емес, өзімізді басты орынға қоюға толығымен қауқарымыз жетеді.

Миф седьмой: «Избегать жизненных трудностей и ответственности проще, чем справиться с ними»

Некоторые психологические подходы вполне позволяют человеку в значительной мере уклониться от ответственности за то, что происходит в его жизни. Однако над нами имеют власть лишь наследственность и окружение, причем власть не абсолютную. Мы сами являемся творцами своих чувств, как положительных, так и отрицательных. Полностью в нашей власти принять всю ответственность за свои переживания только на себя, определив себя, а не кого-то главным в собственной жизни.

Алтыншы аңыз: «Ықтимал жағымсыз жағдай адамды алаңдауға міндеттейді, қауіп айналып өткенге дейін оны әрдайым күту керек»

Бұл көзқарас біздің күш-жігерімізді сарқылтады, өйткені жағымсыз оқиғаның өзінен гөрі оны үнемі күту адамды көбірек қажытады. Өз ойларыңызды болжалды оқиғаларға және олардың салдарын жою жөніндегі ықтимал шараларға байсалды баға беруге бағыттауға тырысыңыз. Өзіңізді қорқытпаңыз.

Миф шестой: «Вероятная неприятность обязывает к беспокойству, и пока опасность не пройдет, надо все время ожидать ее»

Это представление истощает наши силы, так как постоянное ожидание беды более утомительно, чем само неприятное событие. Старайтесь направить свои мысли на трезвую оценку предполагаемых событий и возможных мер по ликвидации их последствий. Не пугайте себя.




Сегізінші аңыз: «Сенім артатын қандай да бір мықтырақ адам керек»

Бұл өз өміріңіз үшін жауапкершілікті басқа адамға жүктеудің тағы бір жолы. Әрине, ешқайсымыз толықтай тәуелсіз бола алмаймыз, ал адамдардың бір-бірін қажет етуі – табиғи нәрсе. Бірақ рухани ахуалыңыз үшін бүкіл жауапкершілікті ешқашан өзге адамға арта салмаңыз. Бұл өте тартымды, бірақ бұл өзіңізге деген сенімділігіңізден айырылуға алып келеді, қатты тәуелділік тудырады. Есіңізде болсын, әрқайсымыз дербеспіз және өзімізді дамытудың барлық мүмкіндіктері өз бойымызда бар.

Миф восьмой: «Нужен кто-то сильнее, на кого можно положиться»

Это еще один способ переложить ответственность за свою жизнь на кого-то еще. Конечно, никто из нас не может быть совершенно независимым, а потребность людей друг в друге естественна. Но никогда не вверяйте всю ответственность за собственное душевное состояние одному человеку. Это очень заманчиво, но, скорее всего, обернется для вас потерей уверенности в себе и сильнейшей зависимостью. Помните, что по большому счету каждый из нас – сам по себе, и все возможности для саморазвития заложены в нас самих.



Тоғызыншы аңыз: «Өткен өмірімізде бізге әсер еткен нәрсе бүгінгі іс-әрекетімізді анықтайды»

Егер өткен өміріңіз сізді жабырқауға, қорқынышқа немесе нашар көңіл күйге жетелесе, бұл тек бір нәрсені білдіруі мүмкін: оны жадыңызда және қиялыңызда өзіңіз оятасыз. Қателіктің мәні мынада: алдымен біз балаларға тән ақылға қонымсыз көзқарастарды ұстануды жалғастырамыз, сол арқылы оларды қазіргі уақытқа ауыстырамыз, содан кейін оларды ой елегінен қайта өткізуден бас тартамыз. Егер ол сізге қуаныш әкелмейтін болса, өткенді бар күшіңізбен табанды түрде «тірілтудің» қажеті жоқ.

Миф девятый: «То, что влияло на нас в прошлом, определяет наше поведение сегодня»

Если прошлое само якобы заставляет вас испытывать тоску, страх или подавленность, это может означать только одно: вы сами оживляете его в своей памяти и в своем воображении.

Суть допустимой ошибки такова: сначала мы продолжаем придерживаться иррациональных детских представлений, тем самым перенося их в настоящее, а затем отказываемся от того, чтобы переосмыслить их. Не стоит всеми силами упорно «воскрешать» прошлое, если оно не приносит вам радости.



Он бірінші аңыз: «Кез келген мәселенің жалғыз ғана дұрыс шешімі болады. Егер оны таба алмасаң, бұл сұмдық»

Егер сіз осыған ұқсас нәрсеге сенетін болсаңыз, онда бұл сенімнің белгілі бір сыртқы себебі болуы мүмкін – сізді мектепте немесе отбасыңызда осылай ойлауға үйреткен. Шындыққа жақынырақ тағы бір көзқарас бар: мәселелердің көбінің бірнеше шешімі болады. Бірақ олардың әрқайсысының өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері, мықты және әлсіз тұстары бар. Сондықтан әрқайсымыз осы жердегі және қазіргі сәттегі субъективті көзқарасымыздың негізінде өзімізге сәйкес келетін біреуін таңдаймыз. «Бір сұраққа – бір жауап» деген пікірді ұстана отырып, сіз мүлдем басқа жағдайда соған сәйкес басқа шешім таңдау мүмкіндігіңізді жоясыз. Сондықтан әртүрлі нұсқаларды іздеуге және оларды бір-бірімен салыстыруға ерінбеңіз, «орташа» және «жалпы қабылданған» дегеніміз «идеалды» дегенді білдірмейді.

Миф одиннадцатый: «Каждая проблема имеет единственно правильное решение. Ужасно, если его не удастся найти»

Если вы убеждены в чем-то подобном, скорее всего, эта убежденность имеет определенную внешнюю причину – вас научили так думать в школе или так было принято считать в семье. Ближе к истине все-таки иная точка зрения: большинство проблем имеет несколько решений. Но у каждого из них есть свои достоинства и недостатки, сильные и слабые стороны. Поэтому каждый из нас на основе субъективных представлений здесь и сейчас выбирает одно, подходящее именно ему. Считая, что «на один вопрос – один ответ», вы закрываете для себя возможность в совершенно иной ситуации выбрать иное решение, соответствующее ей. Поэтому не ленитесь подыскивать различные варианты и сравнивать их между собой, «среднее» и «общепринятое» – далеко не означает «идеальное».

Оныншы аңыз: «Өзге адамдардың әрекеттері біз үшін өте маңызды. Оларды дұрыс бағытқа өзгерту үшін бүкіл күш-жігерді жұмсау керек»

Өкінішке қарай, бұл көптеген жағымсыз жайттарға соқтыруы мүмкін өте кең таралған көзқарас. Из жүзінде біз көбіне басқа адамдардың іс-әрекеттеріне емес, осы әрекеттерді өзіміздің түсінуімізге ренжиміз. Басқалардың мінез-құлқындағы жасырын себеп пен салдарды іздеуден біраз уақыт бас тартуға тырысыңыз, сонда өз өміріңізге қауіпті немесе қатты әсер ететін ештеңе жоқ екенін түсінесіз.

Миф десятый: «Для нас жизненно важно то, что делают другие. Нужно приложить все усилия, чтобы они изменились в нужном направлении»

К сожалению, это очень распространенное представление, способное принести множество неприятных минут. Дело в том, что нас чаще всего расстраивают не поступки других людей как таковые, а собственные интерпретации этих поступков. Попробуйте на время отказаться от навязчивого поиска скрытых причин и следствий в поведении окружающих и вы поймете, что в нем нет ничего опасного или сильно влияющего на вашу собственную жизнь.



Он екінші аңыз: «Өз эмоцияларың мен сезімдеріңді бақылау мүмкін емес»

Бұған дейінгі барлық аңыздармен танысқаннан кейін осы тұжырымның негізсіз екенін түсінуге мүмкіндігіңіз бар болар. Тағы да қайталаймыз: сирек жағдайларды қоспағанда, біз өз сезімдеріміз бен эмоцияларымызды, демек, жағымдылық пен бақытқа қатысты субъективті сезімдерімізді бақылауға және олар үшін жауап беруге толық қабілеттіміз.

Миф двенадцатый: «Невозможно контролировать свои эмоции и чувства»

После знакомства со всеми предыдущими мифами вы наверняка уже и сами в состоянии обосновать всю несостоятельность этого утверждения. На всякий случай повторим еще раз: за редким исключением, мы полностью в состоянии контролировать и нести ответственность за свои чувства и эмоции, а значит, за субъективное ощущение благополучия и счастья.



Камилла АЙМАНОВА

Мереке алдындағы қарбалас Жаннаны шатшаң қимылдауға мәжбүрледі. Ол әдеттегідей, сыйлықтар сатып алуды әйелдер мерекесінің әбден қызған шағына дейін созды. Десе де, ол бір сауда үйінен екіншісіне шатқылап жүріп, шулы қаланы қуана аралады – өйткені 8 наурызда оны Арманның ата-анасымен танысу күтіп тұрған-ды...

Предпраздничная суета заставляла Жанну двигаться в темпе Allegro. Она, как всегда, тянула с покупкой подарков до последних дней, когда накал главного женского праздника достигает своего пика. И все же она с радостью передвигалась по шумному городу, из одного торгового центра в другой – ведь 8 марта предстояло знакомство с родителями Армана...

Сенің бақытыңның нәлімі

Намер твоёго счастья



ОРЫНДАЛМАҒАН АРМАНДАР

Сыйлық беру – ерекше қуанышты сезім. Жанна мұны бала кезінен білетін. Сол кездің өзінде достарының оның әдемі қораптарға салынған тосынсыйларына қалай қуанғанын көріп, мәз болатын. Есейген сайын бұл қуаныш сезімі еселене түсті. Міне, қазір де сыйлықтарды стильді пакеттерге сала отырып, Жанна өз туыстарының, Арманның отбасының қалай қуанатынын көзіне елестетіп, өзінің де бұдан қандай ләззат алатынын асыға күтті. Осы ойдың өзінен қыздың жүрегі лүгілдеп, ерекше шаттыққа бөленді!

Ол анасына арналған жұп-жұқа кашемир палантинді пакетке салып жатқанда телефон шырылдады. «Сәлем, сүйіктім! Қалайсың?» – Жанна тұтқаны құлағымен иығына қысып, сыйлықты безендіре берді. «Сәлем! Бәрі жақсы. Сен ше?» – Арманның даусы біртүрлі шаршаңқы әлде көңілсіз тәрізді. «Мен мұнда сыйлықтар әзірлеп жатырмын!» – деді Жанна қуана. – Айтпақшы, ертең сенің ата-анаң нешеде барамыз?» – «Жанна, білесің бе...» – Арман үнсіз қалды. – «Алло! Сен қайда жоғалып кеттің?» – Жанна креслоға жайғасып, әдемі пакеттерге толы үстелді күлімсірей көзімен шолды. – Біз мерекені бірге тойламаймыз, – Арман ауыр сырқатқа шалдыққандай ақырын және тұншыға сөйледі. «Не болды? Сен ауырып қалдың ба? Немесе ата-анаң бірдеңе болды ма?» – «Жоқ, бәрі жақсы. Тек... түсінесің бе, олар маған қалыңдық тауып қойыпты», – Арман бұл сөздерді сәл қаттырақ айтты. «Қандай қалыңдық? Кімге?» – Жанна не болғанын әлі түсінер емес. «Былай ғой... Олар мені көптен бері достарының қызымен таныстырғысы келіп жүрген. Келісіп қойған сыңайлы...» – «Кім келісті, Арман? Сен не туралы айтып тұрсың?» – «Болашақ үйлену тойы туралы. Олар солай шешті» – «Ал сен ше? Оларға екеуміз туралы айтпа па едің?..» – Жанна кенет тыныс ала алмай қалғанын сезді. Тамағын тот басқан темір құрсау қысып бара жатқандай. – «Айттым. Бірақ олар мүлде тыңдағылары келмейді. Мен бір жылдан соң институт бітіремін. Олардың мықты отбасылық фирмасы бар, оларға заңгер керек, сондықтан мен...» – «Арман, сен не айтып тұрғаныңды түсінесің бе?» – деді Жанна ышқына. «Мені кешір. Айтпақшы, ата-анам да кешірім сұрап жатыр. Олар саған бәрін алдын ала айтпағаным үшін ұрысты...» Жанна телефонның түймесін басты. Мұндай сәттерде жүрек кеудеден ытқып кетердей ышқына дүрсілдеп, самайдағы тамыр бүлкілдеп тұруы керек... Ал Жаннаның іші мұздай боп кетті. Ол ішіндегі мұздың ұлғайып барып, жүрегі мен жанын қарып кеткенін кәдімгідей сезді...

НЕСБЫВШИЕСЯ МЕЧТЫ

Дарить подарки – особое удовольствие. Это Жанна знала с детства. Уже тогда она любила смотреть, как радуются ее подружки сюрпризам, которые она упаковывала в красивые коробочки. С возрастом это чувство радости стало сильнее. Вот и сейчас, распределяя презенты по стильным подарочным сумкам, Жанна предвкушала удовольствие, которое получат и ее родные, и семья Армана. От этого сердце девушки вбрасывало в организм нереальные порции радости!

Когда она складывала в пакет тончайший кашемировый палантин для мамы, раздался телефонный звонок. «Привет, любимый! Как ты?» – Жанна прижала сотку ухом к плечу и продолжила оформление подарка. «Привет! Все нормально. А как у тебя?» – голос Армана был не то усталым, не то грустным. «Я тут подарками занимаюсь! – радостно сообщила Жанна. – Кстати, мы завтра во сколько к твоим идем?» – «Жанна, понимаешь...» – Арман замолчал. – «Але! Ты куда пропал?» – Жанна села в кресло и с улыбкой оглядывала стол, уставленный красивыми пакетами. «Мы не будем отмечать праздник вместе», – Арман говорил, словно тяжелобольной – тихо и сдавленно. «Что случилось? Ты заболел? Или что-то с родителями?» – «Нет, все в порядке. Просто... Понимаешь, они нашли мне невесту», – Арман произнес эти слова чуть громче. «Какую невесту? Кому?» – Жанна пока не понимала, что произошло. «Ну... Они давно хотели меня познакомить с дочкой своих друзей. Как бы договорились...» – «Кто договорился, Арман? О чем ты говоришь?» – «О будущей свадьбе. Они так решили» – «А ты? Ты разве им не сказал, что мы с тобой...» – Жанна вдруг почувствовала, что не может дышать. Горло словно сковал ржавый металлический обруч. – «Сказал. Но они даже слушать не хотят. Мне же через год институт заканчивать. А у них солидная фирма семейная, юрист нужен, так что я...» – «Арман, ты понимаешь, о чем говоришь?» – выдохнула Жанна. «Прости меня. Кстати, родители тоже извиняются. Они вообще ругались, что я тебе заранее не сказал обо всем...» Жанна нажала кнопку отбоя. В таких случаях сердце должно выпрыгивать из груди, стучать кровью в висках... А у Жанны все внутри обдало ледяной струей. Она физически почувствовала, как комок льда разрастается внутри, втягивая в себя и сердце, и душу...

ҚАРСЫ ҚАДАМ

«Алданған үмітпен нені салыстыруға болады? Бір сәтте быт-шыты шыққан арманды қалай сипаттауға болады? Тағдыр соққыларынан аман қалу үшін адам күшті қайдан алады?» Жанна көше кезіп келе жатып өзіне осы сұрақтарды қойды, жан жарасын қанатты. «Мұндай жағдай неліктен нақ менің басымнан өтуі керек еді? Не үшін?» – деп ойлады Жанна Арманмен кездесулерін есіне түсіріп. Иә, өзімен бір жарым жыл қатынаста болса да ол Жаннаны ешқашан ата-анасымен таныстыруға ұмтылған емес, бірде тіпті оған ескертпестен үш күнге Дубайға кетіп қалды. Ол сол кезде есінен адаса жаздады! Дегенмен Арман ілтипатты болды, оны кофеханаларға апарды, ұсақ-түйек сыйлықтар берді. Ол болса Арманның ата-анасына барлық мерекелерге сыйлықтар беріп жіберетін, бірақ ешкім оған қоңырау шалып, алғыс білдірген емес...

Қалаға тұман түсті, даңғылдағы үйреншікті жарық шамдар қою пердеге оранып әлсіз жыпылықтап тұр. Биік өкшелі туфли киген еді, аяғы кенеттен қайырылып кетіп, Жанна тротуарға жалп ете қалды.

– Еш жеріңізді ауыртып алған жоқсыз ба? – жоғарыдан шыққан дауыс теледидар дикторының үніндей жағымды екен. – Қолыңызды беріңіз, сізге көмектесейін, – ер адам еңкейіп, оған қолын созғанда Жанна қымбат иіссудың ащылау хош иісін сезді.

– Ілтипатыңызға рақмет, – деді Жанна орнынан тұрып жатып. Алдында тұрған ер адам сымбатты екен және сенім білдіруге лайық тәрізді көрінді. Оның үстіне күлімдеп тұр.

– Сіз кешке серуендегенді ұнатасыз ба? – ол Жаннаға айқын қызығушылықпен қарады.

– Иә, – деп қыз қысқа қайырды.

– Екеуміз ұқсайды екенбіз! – деп күлді жігіт. – Мен де кешке серуендегенді жақсы көремін!

– Қуаныштымын, – деп Жанна жымияуға тырысты. – Көмектескеніңізге рақмет, сау болыңыз!

– Тұра тұрыңыз. Мен қателестім бе, әлде сіздің қолыңызда сөмке болды ма?

– О, әрине! – деп Жанна есін жиып алды да сөмкесінің жол шетінде аузы ашылып жатқанын көрді. Оны жерден көтеріп, жауып, иығына ілді.

– Мен сізді жеткізіп салайын, – деді жігіт.

– Рақмет, бірақ бұл ыңғайсыз болар, – деп Жанна оның ұсынысынан салмақты түрде бас тартты. Бірақ дәл қазір оны үйіне жеткізіп тастайтын жылы машинада отыруды армандап тұр еді.

– Жақсы ұсыныстардан ешқашан бас тартпаңыз, – деді ер адам жұмсақ үнмен. – Біздің өмірімізде болып жатқанның бәрі кездейсоқтық емес...

ШЫНАЙЫ ЕРТЕГІ

Жанна отырған Bentley – жайлылық пен талғамның үлгісі. Салонда ретро джаз әуендері ойнап тұр. Саксофонның бұқтырмасына еліктейтін жұмсақ баритон махаббат туралы ән шырқап жатыр. Ол біртүрлі тамағы қысылып, тағы да тұншыққандай болды...

– Ал, енді танысайық! – деді жігіт қозғалтқышты іске қосып жатып. – Менің есімім Марат.

ШАГ НАВСТРЕЧУ

«Что может сравниться с обманутыми надеждами? Как можно описать разбившуюся в один момент мечту? Где берут силы, чтобы пережить удары судьбы?» Жанна брела по улице и задавала себе эти вопросы, распалая душевную боль. «Почему это должно было произойти именно со мной? За что?» – думала Жанна, вспоминая свои встречи с Арманом. Да, он за полтора года их общения ни разу не предложил познакомиться с родителями, однажды вообще уехал на три дня в Дубай, не предупредив ее. Она тогда чуть с ума не сошла! Но все же Арман был внимателен, водил в кофейни, дарил какие-то приятные мелочи. Она, правда, передавала подарки его родителям ко всем праздникам, но ни разу никто не позвонил и не поблагодарил ее...

На город спустился туман, привычно яркие фонари на проспекте тускло мерцали сквозь плотную молочную пелену. Высокий каблук внезапно подвернулся, и Жанна шлепнулась на тротуар.

– Вы не ушиблись? – голос, прозвучавший сверху, был приятным, как у диктора телевидения. – Дайте руку, я помогу вам, – мужчина наклонился, и Жанна почувствовала изысканный горьковатый запах туалетной воды.

– Спасибо, вы очень любезны, – пробормотала Жанна, вставая. Мужчина, стоявший перед ней, был вполне симпатичным и вызывал доверие. И еще он радостно улыбался.

– Вы любите гулять по вечерам? – он смотрел на Жанну с нескрываемым интересом.

– Да, – односложно ответила девушка.

– Как мы с вами похожи! – мужчина рассмеялся.

– Я тоже обожаю вечерние прогулки!

– Очень приятно, – попыталась улыбнуться Жанна.

– Спасибо, что помогли, всего доброго!

– Подождите. Мне кажется или у вас в руках была сумка?

– Ой, конечно! – спохватилась Жанна и увидела, что сумка отлетела в сторону и расстегнулась. Она подняла ее, закрыла и надела на плечо.

– Я подвезу вас, – предложил мужчина.

– Спасибо, но это неудобно, – интеллигентно отказалась Жанна, хотя больше всего мечтала оказаться в теплой машине, которая увезет ее домой.

– Никогда не отказывайтесь от хороших предложений, – мягко сказал мужчина. – Все, что происходит в нашей жизни, вовсе не случайно...

РЕАЛЬНАЯ СКАЗКА

Bentley, в который села Жанна, был воплощением комфорта и вкуса. Салон наполнили звуки ретро-джаза. Мягкий баритон, подражающий сурдине саксофона, пел о любви. Она почувствовала, что к горлу опять подкатывает предательский комок...

– Ну что ж, давайте знакомиться! – заводя мотор, сказал мужчина. – Меня зовут Марат.

– Өте қуаныштымын. Мен Жаннамын.

– Меніңше, сіздің көңіл күйіңіз мүлде «қуанышты» емес, – деді Марат байыпты түрде.

– Көңіл күй әдеттегідей. Жай ғана бүгінгі күн сәтсіздеу болды. Ал жалпы алғанда, бәрі жақсы. – Жанна терезеге қарап, ытқып шығуға дайын тұрған көз жасын ұстап қалуға тырысты.

– Білесіз бе, Жанна, маған «сәтсіз болды», «әдеттегідей» деген сөздер ұнамайды.

Олар біртүрлі күңгірт, сіз қалай ойлайсыз?

– Кәдімгі сөздер, – Жанна иығын қиқаң еткізді.

– Онда тұрған не бар?

– Дәл солай, онда тұрған ештеңе жоқ! Біздің айналамызда қуаныш сыйлайтын сөздер, жағымды көңіл күй болу керек. Сонда өмір сүру қызықты болады! Оның үстіне, ертең 8 наурыз!

– Мен 8 наурызды жек көремін! Жалпы мерекелерді жек көремін! – Жанна кенеттен айқайлап жіберді, бар ерік-жігерімен жыламауға тырысты.

– Не болды, Жанна? Сізді біреу ренжітті ме? – Марат қыздың қолына қолын тигізді.

– Ешкім! Біз жүреміз бе, жоқ па? – Жанна тоқ ұрғандай қолын тартып алды.

– Әрине, жүреміз. Сізге сыйлық алуға барамыз! – Марат газды басып, машина орнынан жылжыды.

– Мен бүгін сыйлық алып үлгердім, – деп күрсінді Жанна.

– Қызық екен, қандай сыйлық?

– Сондай... ол сізді қызықтыра қоймас.

– Неге? Мен өзгенің сыйлығын қайталағым келмейді! – деп қарқылдай күлді Марат.

– Сіз ондай сыйлық жасай алмайсыз. Бұл қайталанбайтын сыйлық, – деп мұңая жауап қатқан Жанна тағы да терезеге үңілді.

– Біз әрдайым байланыста болу үшін мен сізге ұялы телефон сыйлағым келеді, – Марат сауда үйінің алдына келіп тоқтады.

– Сіз сонда менде телефон жоқ деп ойлайсыз ба? – Жанна телефонын алу үшін сөмкесін ашты. Бірақ онда телефон жоқ боп шықты.

– Маған қоңырау шалыңызшы, астында жатқан шығар, – деп Жанна Маратқа телефон нөмірін айтты. Бірақ сөмкеден сүйікті әуені шықпады.

– Телефон сөмкеден түсіп қалған болуы керек! – деп қапаланды Жанна.

– Көрдіңіз бе, бәрі сәтімен болды! – деп күлді Марат. – Демек, сіздің ескі телефоныңызбен бірге бүкіл жаман ақпарат та кетті! Енді сізге жаңа ұялы телефон мен жаңа нөмір сатып аламыз. Бұл сіздің бақытыңыздың нөмірі болады, маған сеніңіз.

– Мен ертегілерге сенбеймін... – деді Жанна сенімсіздеу үнмен.

– Бұл ертегі емес. Бұл – өзіміз жасайтын шындық. Айтпақшы, ертең мен сізге қонаққа барып, ата-анаңызбен танысамын. Сіз қарсы емессіз бе?



– Очень приятно. А я – Жанна.

– Мне кажется, что настроение у вас, Жанна, как раз не из приятных – серьезно сказал Марат.

– Настроение обычное. Просто день не заладился. А так все нормально. – Жанна смотрела в окно и старательно пыталась сдерживать набегающие слезы.

– Знаете, Жанна, мне не нравятся слова «не заладился», «нормально». Они какие-то безрадостные, вы не находите?

– Обычные слова, – Жанна пожала плечами.

– Что в них такого?

– Вот именно, что ничего! Нас должны окружать радостные слова, позитивное настроение. Тогда и жить будет интересно! Тем более что завтра 8 Марта!

– Ненавижу 8 Марта! И вообще ненавижу праздники! – внезапно выкрикнула Жанна и невероятным усилием воли заставила себя не расплакаться.

– Что случилось, Жанна? Вас кто-то обидел? – Марат легко прикоснулся к руке девушки.

– Никто! Мы вообще едем или нет? – Жанна отдернула руку, словно ее ударило током.

– Конечно, едем. Покупать вам подарок! – Марат надавил на газ, и машина мягко тронулась с места.

– Я уже сегодня получила подарок, – Жанна вздохнула.

– Интересно, какой?

– Такой... Вам это неинтересно.

– Почему же? Я ведь не хочу повторяться! – расхохотался Марат.

– А вы и не сможете. Такое не повторяется, – мрачно ответила Жанна и опять устала в окно.

– Я хочу подарить вам сотовый телефон, чтобы мы всегда были на связи, – Марат остановил машину у торгового центра.

– Неужели вы думаете, что у меня нет телефона? – Жанна открыла сумку, чтобы достать сотку. Но телефона там не было.

– Позвоните мне, пожалуйста, наверное, в самом низу лежит, – попросила она Марата и назвала номер. Но звуки любимой мелодии из сумки так и не донеслись.

– Телефон, наверное, выпал из сумки! – с досадой воскликнула Жанна.

– Вот видите, как удачно! – расхохотался Марат. – Значит, с прежней соткой от вас ушла вся плохая информация! Сейчас мы пойдем и купим вам и новую сотку, и новый номер. Это будет номер вашего счастья, верьте мне.

– Я не верю в сказки... – неуверенно произнесла Жанна.

– Это не сказка. Это реальность, которую мы создаем сами. Кстати, завтра я прихожу к вам в гости и знакомлюсь с родителями. Вы не против?

Жанна КУДАЙБЕРГЕНОВА

ПАНДЕМИЯ: 5+



Біз «пандемия» деген сөздің өзінен жалықтық. Бірақ, бұл қаншалықты парадокс болғанымен, оның жағымды жақтары да бар. Менеджмент жөніндегі кеңесші Назар Тұрғанғазиев пандемия алып келген кем дегенде бес мүмкіндікті атап өтті.

1 Адамдар **ТАБИҒАТТЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫН** түсінді. Жер Күнді айнала қозғалатыны тәрізді, адамның да тіршілігі табиғатқа етене жақын. Табиғатқа деген құрмет сапалы туристерді тартып қана қоймай, азаматтардың денсаулығын жақсартып алады.

2 Біз **ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ИНТЕЛЛЕКТИҢ ҚАУҚАРЫН** түсіне бастадық. Статистика көрсеткендей, «интеллект деңгейі» немесе IQ тәрізді таласты және ғылыми дәлелденбеген дәреке ұғымдардан гөрі «жұмсақ дағдылардың» тиімді нәтижелері көбірек. Бұл тек білім алып қана қоймай, әлемнің жетекші компанияларында жұмыс тәжірибесін ала алатын сапалы басшыларды көбірек тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Өйткені адамдар – кез-келген мемлекеттің негізі.

3 **БІЗДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ БЕН ӘЛЕМГЕ ДЕГЕН КӨЗҚАРАСЫМЫЗДЫ ҚАЙТА БАҒАЛАУ.** Мысалы, біз не нәрседен бас тарта аламыз және қандай адамдар біз үшін шынымен қымбат. Бұл өз мәдениетімізді тұтастай қайта қарауға және мүмкіндігінше өзгерістер енгізуге, негізгі экономикалық қозғалтқыштарды қайта қарауға және өзіміздің арнайы тауашаларымызды – нарықтарды құруға үлкен мүмкіндік. Мүмкін, атышулы ЖІӨ-ні емес, бақыт индексі басшылыққа алған жөн болар.

4 Көптеген адамдар өмірдегі басты ынталандырушылардың бірі – **ӨЛІМНЕН ҚОРҚУДЫҢ** толық күшін сезінді. Адамдар мәңгі емес, мұны мойындау керек, өйткені қорқынышпен өмір сүре отырып, бақытты бола алмайсыз. Біздің қорқыныш сезімімізді өз мақсатына жету үшін қолданатын манипуляторларға мойынсұнбау өмірде әлдеқайда тиімді.

5 **ТЕПЕ-ТЕҢДІКТІ САҚТАУ** барлығына бірдей пайдалы. Өкінішке қарай, Жер ресурстары шектеулі. Біздің ішкі тепе-теңдігіміз экологияға ғана емес, басқа адамдармен қарым-қатынасымызға да оң әсер етуі мүмкін. Бұл энергиялық тиімді технологиялар секторы мен шығармашылық бизнестің агрессивті дамуына, мысалы, онлайн-банктердің дамуына серпін береді.

Мы устали даже от самого слова «пандемия». Но, как ни парадоксально, у нее есть и положительный эффект. Консультант по менеджменту Назар Тургангазиев обозначил, как минимум, пять возможностей, которые она принесла.

1 Люди осознали всю **ВАЖНОСТЬ ПРИРОДЫ.** И как Земля вращается вокруг Солнца, так и человек кружится вокруг природы, а не наоборот. Бережное отношение к природе может не только привлечь качественных туристов, но и поднять здоровье граждан.

2 Мы начали осознавать **СИЛУ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕЛЛЕКТА.** Как показывает статистика, так называемые «мягкие навыки» приносят больше эффективных результатов нежели грубое понятие «уровень интеллекта» или IQ, которое еще и спорное и не имеет научного подтверждения. Это дает возможность воспитать больше качественных руководителей, которые смогут получить не только образование, но и опыт работы в ведущих компаниях мира. Ведь люди – основа любого государства.

3 **ПЕРЕОЦЕНКА НАШИХ ЦЕННОСТЕЙ И ВИДЕНИЯ МИРА.** Например, без каких вещей мы можем обходиться и какие люди нам действительно дороги. Это отличный шанс для нас пересмотреть нашу культуру в целом и по возможности внести изменения, пересмотреть главные экономические двигатели и создать свои особенные ниши – рынки. Возможно, стоит ориентироваться на индекс счастья, а не на пресловутые ВВП.

4 Многие ощутили всю мощь одного из главных мотиваторов в жизни человека – **СТРАХА СМЕРТИ.** Люди смертны, надо это признать, ведь счастья на страхе не построишь. Намного эффективнее в жизни не поддаваться манипуляторам, которые используют наше чувство страха для достижения их целей.

5 **СОБЛЮДЕНИЕ БАЛАНСА** приносит пользу всем одинаково. К сожалению, наша Земля ограничена в ресурсах. А баланс внутри нас может положительно отразиться не только на экологии, но и на наших отношениях с другими людьми. Это даст толчок агрессивному развитию сектора энергоэффективных технологий и креативного бизнеса, например, развитию онлайн-банков.



СПОРТТЫҚ ЖӘНЕ ТУРИСТІК ҚҰҚЫҚ ОРТАЛЫҒЫ ЦЕНТР СПОРТИВНОГО И ТУРИСТСКОГО ПРАВА

ЗАҢ ҚЫЗМЕТТЕРІН ҰСЫНАДЫ: ПРЕДЛАГАЕТ ЮРИДИЧЕСКИЕ УСЛУГИ:

СПОРТТА:

- клубтар мен ойыншылар арасындағы әр түрлі дауларды шешуде, оның ішінде тыйым салынған заттарды (допинг) пайдалануға қатысты мәселелер бойынша консультация беру және көмек көрсету;
- халықаралық спорт федерацияларымен және қауымдастықтарымен іскерлік хат-хабар алмасуды жүргізу, ағылшын тілінде әр түрлі құжаттар жасау;
- спорт клубтары, спорт ұйымдары, бапкерлер үшін жарғылар, регламенттер, тәртіптік қағидалар, ережелер және басқа да көмекші құжаттар әзірлеу;
- демеушілік, еңбек, шаруашылық және басқа да келісімшарттар әзірлеу, оларды жасасуға қатысу және одан әрі қолдау көрсету, оның ішінде жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алуларды қолдау;
- клубтардың (трансферлердің) трансферлік саясатын заң тұрғысынан қолдау, трансферлік келісімшарттар әзірлеу;
- құқықтық құжаттарды (оның ішінде тіркеуші, рұқсат беруші, сондай-ақ еңбек, азаматтық-құқықтық шарттарды және басқа құжаттарды) заң тұрғысынан тексеру;
- спорт саласындағы интеллектуалдық меншікті қорғау;
- спорт саласындағы салықтық құқықтық қатынастар бойынша консультациялар;
- қызмет тиімділігі және оны жақсарту мақсатында қызмет бағыттары мен түрлері бойынша маркетингтік зерттеулер жүргізу және соңынан ұсыныстар беру;
- жарнама;
- ұлттық және халықаралық спорт федерациялары мен қауымдастықтары органдарында спорттық қатынастарға қатысушылар атынан өкілдік ету және олардың мүдделерін қорғау;
- Қазақстанның жалпы юрисдикциялық соттарында, Лозанна қ. (Швейцария) Халықаралық спорттық төрелік сотында өкілдік ету және мүдделерін қорғау;
- спортты дамытуға байланысты өзге де қызметтер көрсету.



В СПОРТЕ:

- консультации и помощь в разрешении различных споров между клубами и игроками, в том числе и по вопросам, касающимся использования запрещенных веществ (допинг);
- ведение деловой переписки с международными спортивными федерациями и ассоциациями, составление различных документов на английском языке;
- разработка уставов, регламентов, дисциплинарных правил, положений и других вспомогательных документов для спортивных клубов, спортивных организаций, тренеров;
- разработка спонсорских, трудовых, хозяйственных и других контрактов, участие при их заключении и дальнейшее сопровождение, в том числе и при осуществлении государственных закупок;
- юридическое сопровождение трансферной политики клубов (трансферов), разработка трансферных контрактов;
- юридический аудит правовых документов (в том числе регистрационных, разрешительных, а также трудовых, гражданско-правовых договоров и других документов);
- охрана интеллектуальной собственности в спортивной сфере;
- консультации по налоговым правоотношениям в спортивной сфере;
- проведение маркетинговых исследований по направлениям деятельности и видам в целях улучшения и эффективности деятельности с последующей выдачей рекомендации;
- реклама;
- представительство и защита интересов участников спортивных отношений в органах национальных и международных спортивных федераций и ассоциаций;
- представительство и защита интересов в судах общей юрисдикции Казахстана, Международном спортивном арбитражном суде в г. Лозанне (Швейцария);
- предоставление иных услуг, связанных с развитием спорта.

В ТУРИЗМЕ:

- предоставление письменных и устных консультаций по всем вопросам туризма, разработка и экспертиза различных договоров;
- юридический аудит правовых документов;
- правовое сопровождение деятельности туристских организаций на абонементной основе;
- разрешение споров в досудебном порядке;
- представительство интересов клиента в суде.





Адвокатская контора
«ХАСАНОВ»
Адвокаттық кеңсесі

**ӘР ТҮРЛІ МӘСЕЛЕЛЕР БОЙЫНША
БІЛІКТІ КӨМЕК КӨРСЕТУ:**

- сотта Сіздің мүдденіңізге өкілдік ету және қорғау (қылмыстық, азаматтық істер, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер);
- құқықтың барлық саласы бойынша ауызша және жазбаша кеңестемелер беру;
- шарттарды әзірлеу және оларды жасасу кезінде қатысу, сараптама;
- заңды тұлғаларды тіркеу, қайта тіркеу, тарату және басқа да қызмет.

Бұдан басқа, Сіздер абонемент негізіндегі кеңестеме қызметін пайдалана аласыздар; заңдардың, жарлықтар мен қаулылардың және Сізге қажетті басқа да ҚР нормативтік құқықтық актілердің мәтіндерін ала аласыздар

Біздің заң қызметі нарығында жұмыс істеп келе жатқанымызға 25 жыл.

Сіздерге пайдамыз болса дейміз.

**КВАЛИФИЦИРОВАННАЯ
ПОМОЩЬ ПО РАЗЛИЧНЫМ
ВОПРОСАМ:**

- представление и защита ваших интересов в суде (уголовные, гражданские дела, дела об административных правонарушениях);
- устные и письменные консультации по всем отраслям права;
- разработка договоров и участие при их заключении, экспертиза;
- регистрация, перерегистрация, ликвидация юридических лиц и многое другое.

Кроме того, вы можете воспользоваться консультационным обслуживанием на абонентной основе; получить тексты законов, указов, постановлений и других интересующих вас нормативных правовых актов РК.

На рынке юридических услуг мы более 25 лет.

Будем рады оказать полезными вам.

050013, Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Желтоқсан, 177а, тел. +7 (727) 262 06 12
info@khassanov.kz www.khassanov.kz

